Аймақтардың экономикалық қауіпсіздігінің көрсеткіштерінің бірі бәсекеге қабілеттілік болып табылады. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (GCI) 2019 жылы Сингапур бірінші орынды иеленді, ал 2018 жылы Америка Құрама Штаттары бірінші орын алған болатын. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын әзірлеген және енгізген АҚШ бәсекеге қабілеттілік жағдайында 2018 жылы өз орнын жақсартты, ол 2017 жылы екінші орында болатын. Сингапур 2018 жылы екінші орынды иеленді, ол 2017 жылы үшінші орынға ие болған, Гонконг 2019 жылы үшінші орынға көтерілді. Ал 2015 жылғы 31 желтоқсанда қабылдаған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын табысты жүзеге асырған Ресей Федерациясы өз артықшылығын сақтайды және көбейтеді. РФ 2015 жылы 45-ші орыннан 2019 жылы 43-орынға көтерілді. Ресей қорғаныс-өнеркәсіптік, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігіне назар аударады. Қазақстан 2015 жылы иеленген 42 орыннан 2016 жылы 53-орынға және 2017 жылы 57-орынға, ал 2018 жылы 59 орынға төмендеді. 2019 жылы Қазақстан 55 орынға тұрақтады. [2]

Экономикалық қауіпсіздіктің негізгі қатерлері:

- Бақылаусыз көші-қон процестері: мониторинг кезеңінде Қазақстанның көші-қон теріс сальдосы 2018 жылы -29121 адам. Қазақстаннан адамдар негізінен жұмыс іздеп және өмір сүру деңгейін көтеру үшін алыс жақын шет елдерге қоныс аударады. Көшіп кететіндердің көбі жастар және білікті мамандар.
- Демографиялық ахуалдың және халықтың денсаулығының нашарлауы.
- Стратегиялық ресурстарды елдің игілігіне жеткіліксіз қолдану.
- Инновациялық дамуға және инвестициялық қызметтің өсуіне кедергі келтіру.
- Капитал мен тауарларды, малды елден тыс шет елдерге бақылаусыз тасып кету, көлеңкелі экономиканың өсуі.
- Қаржы жүйесінің тұрақтылығының төмендеуі;
- Өнімді өндіруді азайту, өнімнің сапасын, бәсекеге қабілеттілігін төмендету, экспорт, транзит әлеуетін және өнімдер мен тауарлардың қолжетімділігін төмендету.
- Бағаның бақылаусыз өсіп азық-түлік және киім, аяқ киім, коммуналдық қызметтің, көлік билеттерінің қымбаттауы.
- Ұлттық валютаның ұдайы құнсыздануы.

Қазақстанның халқы бәсекелестікке қабілеттілікті арттыру үшін осы қатерлерді ескеріп экономикалық қауіпсіздікті арттыру жолдарын қарастырып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруға белсенді қатысуға тиісті.

Әдебиет тізімі:

1. 2 қыркүйек 2019 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy
2. Global Competitiveness Report 2019 | World Economic Forum

УДК:332.024

ПУТИ УКРЕПЛЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕГИОНА

Султанов Н.Г., Төлебаева Б.Т., Тлєсова Ж.А.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматриваются пути укрепления экономической безопасности региона в условиях глобализации.

Ключевые слова: экономическая безопасность, промышленная безопасность, продовольственная безопасность, энергетическая безопасность, финансовая безопасность, транспортная безопасность.

ӨОК 336.743

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Төлебаева Б.Т., Жарылгасова Б.Т., Тулебаев Б., Хеммон Р.

Батыс Қазақстан инновациялық--технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Экономиканың дамуында ұлттық валютаның тұрақтылығы зор рөл атқарады. Ұлттық валютаны енгізу Қазақстан Республикасының Ұкіметі мен Ұлттық банкке дербес экономикалық және ақша-несие саясатын жүргізуіне мүмкіндік берді. Ақша-несие саясатының басты мақсаты ретінде – ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыздандыру қойылған болатын. Ақша-кредит саясаты тиімділігінің жеткіліксіздігі еліміздің экономикалық дамуын тежейтін себептің бірі болып отыр.

Негізгі сөздер: Ұлттық валюта, экономиканың дамуы, жаһандану, ұлттық валютаның құнсыздануы, теңгенің құнсыздануы кімдер үшін тиімді.

Қазақстанның ұлттық валютасының енгізілгеніне 2019 жылы 26 жыл болды. Президент Н.Ә.Назарбаев 1993 жылы қарашаның 12-ші жұлдызында «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу жөнінде» жарлыққа қол қойды. Осы жарлыққа сәйкес 1993 жылдың қарашасының 15-ші жұлдызында сағат 8 –де ұлттық валюта – теңге енгізілді.

Ұлттық валютаны енгізу Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық банкке дербес экономикалық және ақша-несие саясатын жүргізуіне мүмкіндік берді. Ақша-несие саясатының басты мақсаты ретінде – ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыздандыру қойылған болатын.

Ресей совет рублі аймағынан кенет шығып, өзінің ресей рублін енгізгеннен кейін құнсызданған совет рублінің аймағында қалған Қазақстанның нарығына өз валюталарын енгізіп алған бұрынғы Совет одағының құрамында болған елдерден совет рублі құйылып, дүкен сөрелеріндегі тауарларды сыпырып кетті. Осы жағдайда Қазақстан өз валютасын енгізіп экономикалық қауіпсіздігін қорғауға мәжбүр болды.

Тенге қолданысқа енгенде 500 совет рублінің құны 1 теңгеге есептеліп ауыстырылды. Ұлттық валюта енгізілгенде ол экономикаға үлкен әсер ете бастады. Тұрғын халықтың жинаған ақшасы Жинақ банкінде құнсызданып қалды және жинақтарды біраз уақыт тұрғын халыққа бергізбей «қатырып» тастады. Үйін 15000 рубльге сатып ақшасын Жинақ банкіне салып қойған адамның қаражаты теңге ауысқанда небәрі 30 теңге болып қалды. Кәсіпорынның балансында тұрған бензовоз машинасының құны теңгеге көшкенде 160 теңге болды.

Ұлттық валюта елдің тәуелсіздігінің – шарты болып табылады. Жаһандану жағдайында әлемдік экономикаға кірігу үшін өзге елдермен сауда жасағанда ұлттық валютаның тұрақтылығы өте маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Ақша-кредит саясаты тиімділігінің жеткіліксіздігі еліміздің экономикалық дамуын тежейтін себептің бірі болып отыр.

Екінші деңгейдегі банктердің бизнеске кредит беру ісінің қолайлы әрі ұзақ мерзімді болуын қамтамасыз ету керек.», - деп атап өтті. [1]

Ұлттық валюта енгізілгеннен кейін жирма алты жыл ішінде ол неше түрлі экономикалық жағдайларда өзінің қызметін атқарып, жылдан жылға оның сатып алу қабілеті, АҚШ долларының теңгеге орташа жылдық айырбас бағамы, инфляция деңгейі өзгеріп отырды.

АҚШ долларының теңгеге орташа жылдық айырбас бағамы сурет 1 де келтірілген.



Сурет 1. АҚШ долларының теңгеге орташа жылдық айырбас бағамы [2]

АҚШ долларының теңгеге орташа жылдық айырбас бағамы жылдан жылға өзгеріп отырғанын және оның көбінесе өсу тенденциясына ие болғанын сурет 1 деректері айқын көрсетеді.

Теңге енгізілген 1993 жылы АҚШ долларының теңгеге орташа жылдық айырбас бағамы 5,255 болса, 1994 жылы бұл көрсеткіш 35,64, 1998 жылы 78,3, ал 1999 119,52 болған. Теңге 1999 жылы девальвацияға ұшырады. Сол кезде Қазақстан халқының нақты ақшалай кірістерінің индексі қалай өзгергенін сурет 2-ден көруге болды.



Сурет 2. Қазақстан халқының нақты ақшалай кірістерінің индексі

Қазақстан халқының нақты ақшалай кірістерінің индексі 1999 жылы өткен жылмен салыстырғанда 104,2 %, ал 2000 жылы 101,3 % болған. Демек Қазақстан халқының нақты ақшалай кірістерінің индексі девальвацияның әсерінен елеулі өспеген деп айтуға болады. 2009 жылғы девальвация орын алғанда Қазақстан халқының нақты ақшалай кірістерінің

индексі 96,9 % ға дейін төмендеген. 2014 жылы АҚШ долларының теңгеге орташа жылдық айырбас бағамы 179,19 болса, 2015 жылы бұл көрсеткіш 221,73, 2016 жылы 342,16 болды. 2014-2015 жылғы девальвациялар арасына бір жыл ғана салып келіп, олардың ықпалынан Қазақстан халқының нақты ақшалай кірістерінің индексі 2016 жылы өтен жылмен салыстырғанда 99,3%, ал 2017 жылы 99,1 % болып, демек өсудің орнына төмендеп кетті. Девальвацияның осындай кері әсерлері Үкімет пен Ұлттық банктің ақша-несие саясатына халықтың наразылығын өсіреді. Халықтың және кәсіпкерлердің АҚШ долларында екінші деңгейдегі банктерден несие алған бөлігі банктердің алдындағы қарыздарын төлей алмай банкротқа ұшырайды. Бұл екінші деңгейдегі банктердің де қызметіне кері әсерін тигізеді. Үкімет пен Ұлттық банктің Төр ағасы девальвация өткізгенде теңгенің құнсызданыуы экономиканың дамуына жағымды әсер етеді, экспортқа товар шығарушы кәсіпорындардың саудасын жеңілдетеді, сондықтан өнеркәсіп өндіретін кәсіпорындар жедел дамиды дегенді айтады. Статистикалық деректер Үкімет пен Ұлттық банктің Төр ағасының сөздерін растай ма екен? Осыны Қазақстан Республикасының өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексі арқылы сурет 3 -тің деректеріне сүйеніп зерттеуге болады.



Сурет 3. Қазақстан Республикасының өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексі


Қазақстан Республикасының өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексі сурет 3 деректері бойынша девальвациядан кейінгі жылдары қалай өзгергенін қарастырсақ, шынында да 1999 жылы өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексі алдыңғы жылмен салыстырғанда 106,2 пайыз, 2000 жылы 122,1 пайыз құраған. Демек, 1999 жылдың девальвациясының өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің өсуіне оң әсері болған сияқты.

2009 жылғы девальвациядан кейін 2009 жылы өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексі алдыңғы жылмен салыстырғанда 102,7 пайыз, 2010 жылы 109,6 пайыз құраған. Бұл 2009 жылдың девальвациясының өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің өсуіне оң әсері алдыңғы девальвациядан нашар болған.

Ал 2014 жылғы девальвацияның өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің өсуіне оң әсері небәрі 0,3 пайыз болған. 2015 жылғы девальвацияның өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің өсуіне әсерінен өнеркәсіп өнімінің физикалық көлемінің индексі алдыңғы жылмен салыстырғанда 2015 жылы 98,1 пайыз, 2016 жылы 98,1 пайыз құраған, демек өсудің орнына өшіп кеткен. Соныменен, осы деректер девальвациямен өнеркәсіп

өнімінің физикалық көлемінің индексінің арасында оң корреляцияның тығыз еместігін дәлелдейді.

2018 жылы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының АҚШ долларына ресми нарықтық бағамы 01.01.2018 -18.09.2018 жағдай бойынша сурет 4 те берілген.



Сурет 4. Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының АҚШ долларына ресми нарықтық бағамы 01.01.2018 -18.09.2018 жағдай бойынша [3]

4 –ші суретте көрсетілгендей, 2018 жылдың басында теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамы 335 теңгені құрады, ақпан айында ол 320 теңгеге ауысты, маусымнан бастап өсіп, қыркүйектің ортасында 380 теңгеге жетті. Бұл теріс үрдіс.

Қазақстан Республикасы үшін әлсіз ұлттық валютаның негізгі қауіпі - өндірісті модернизациялауға кесел келтіреді, өйткені машина мен техника импорты арқылы негізгі құралдардың жаңаруы қымбатқа түседі және кейде кәсіпкерлердің қаржысы шектеулі болғандықтан мүмкін емес болады. Сонымен бірге, Қазақстанның экономикасы дамыған елдерден өнеркәсіп пен аграрлық секторды, көлік пен ұлттық экономиканың басқа да салаларын жаңғырту үшін заманауи технологиялар мен технологиялардың импортына тәуелді екені құпия емес.

Қысқа мерзімді перспективада әлсіз ұлттық валюта тау-кен өндіруші компаниялар мен көмірсутектерді экспорттаушылар үшін пайдалы, себебі ол жергілікті шикізатты сататын компаниялардың пайдасын жоғарылатады және жергілікті жұмысшыларға арзан теңгемен еңбек ақы төлеу арқылы шығындарын төмендетуге және жергілікті материалдар мен қызметтерді сатып алуға арналған шығындарды азайтуға жол береді. Сондай-ақ, ұлттық валюта бағамының ауытқуы девальвация туралы алдын ала білетін банктерге және адамдарға пайдалы. Олар өз инсайдерлік ақпаратын пайдаланып ұлттық валютаны АҚШ долларына девальвацияның алдында айырбастауына сол арқылы пайда табуына болады. Банктер шетел валютасын сату

мен сатып алу бағамдарының айырмашылығынан пайда көреді. Ішкі табысқа сүйенетін теміржол және автомобиль көлігі, авиация, электр қуаты, жылу және суды жеткізушілер қысымға түседі, себебі олар негізгі құралдарды импорт арқылы жаңартып, ұлттық валютада табыс табады.

Ұлттық валютаның құнсыздануы импортқа бағдарланған, азық-түлік және азық-түлік емес көтерме саудамен айналысатын компаниялардың рентабельділігін төмендетеді. Саясатшылар мен кейбір экономистер ұлттық валютаның құнсыздануы халықтың өмір сүру деңгейіне әсер етпейді деп санайды, өйткені халық кірісін ұлттық валютада алады және жұмсайды. Еңбекақыны, зейнетақыны, жәрдемақыны алатын тұрақты табысы бар адамдар ұлттық валюта құнсызданғанда бұрынғыға қарағанда ақшаға аз тауарлар мен қызметтерді сатып ала алады, бұл олардың өмір сүру деңгейін айтарлықтай төмендетеді.

Әдебиет тізімі:

- 1 2 қыркүйек 2019 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy
- 2 Социально-экономическое развитие РК 1991 – 2017. Министерство Национальной Экономики Республики Казахстан Комитет по Статистике <http://stat.gov.kz/>
- 3 Национальный банк Казахстана. <http://nationalbank.kz/>

УДК 336.743

РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ

Толебаева Б.Т., Жарылгасова Б.Т., Тулебаев Б., Хеммон Р.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: Стабильность национальной валюты играет важную роль в экономическом развитии. Введение национальной валюты позволило Правительству Республики Казахстан и Национальному банку проводить независимую экономическую и монетарную политику. Основной целью денежно-кредитной политики является обеспечение внутренней и внешней стабильности национальной валюты. Недостаточная эффективность денежно-кредитной политики стала одной из причин сдерживания экономического развития нашей страны.

Ключевые слова: Национальная валюта, развитие экономики, глобализация, девальвация национальной валюты, для кого выгодна девальвация тенге.

УДК 06.77.01

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ УӘЖДЕУ КӨМЕГІМЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Төлекбаева Д.С., Төлебаева Б.Т.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақала персоналды басқарудағы негізгі мәселелер қарастырылған және оларды уәждеу көмегімен шешу жолдары, қызметтік мотивацияға әсер ететін факторлар туралы айтылады.

Негізгі сөздер: персоналды басқару технологиясы, персоналды іріктеу, персоналдың әлеуеті, жалдау, іскерлік бағалау.

Өзінің қол астындағы қызметкерлерін нәтижелі басқаруға қол жеткізу үшін, жетекшінің алдында, қызметкерлерінің жұмыс істеудегі талпынысын, ынтасын максималды ету мәселесі тұрады. Бұған жету үшін басшы қажетті жұмыс ортасын үйлестіру керек.

Қазіргі таңда әлемнің дамыған елдері персоналды басқару саласында айқын стандарттар шығарды, басқаша айтқанда «Ойын ережелерін». Бұл стандарттарға азды көпті Америка, Европа, Азия елдері ұстануға тырысуда. Бұл жүйені қолданбау біздің ойымызша ақылға қонғысыз. Басқадан өзгешелену үшін ғана басқа үлгі мен стандарт құрып отырудың қажеті не? Бұл керек те емес, дайын үлгіні тек қана дұрыс қолданып үйрену қажет.

Технология жағынан әмбебап, мазмұны жағынан ұлттық – міне, бәлкім бұл біздің персоналды басқарудың үлгісі болар.

Әлемде кәсіпорынның нәтижелігін көтеретін тек үш жол бар, ол:

- Кәсіпорынның нарықтағы бәсекелікке төтеп беруі арқылы;
- Заңдық құқықтық нормалардың бұзылмауы арқылы;
- Персоналмен қызмет арқылы.

Алдыңғы екеуіне қарағанда соңғысы ең тиімді. Себебі, шығын аз жұмсалады және экономикалық қайтарым үлкен. Қазақстан үшін бұл тиімді келеді себебі, тұрғындардың көп бөлігінің әлеуеті (потенциалы) шетелдерге қарағанда дұрыс ашылмаған. Демек, оны әлі ашуға, өсіруге болады. Ал Гарольд Уильямстың танымал ережесіне сәйкес «Персоналдың потенциалы неғұлым жоғары болса, оған салған салымдардан пайда соғұрлым өседі».

Ал ендігі кезекте, потенциалды арттыру үшін персоналды уәждеуге тоқталсақ. Еңбек мотивациясы – бұл жұмыскерлердің еңбектік іс-әрекет арқылы қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген ұмтылысы [1].

Бұл кезекте еңбек ресурстарын нәтижелі басқаруға болады деген тәсілдерге тоқталамыз. Оларды қолдану бағытына сәйкес беске топтастыруға болады:

1. Материалды ынталандыру.
2. Еңбек күшінің сапасын жақсарту.
3. Еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру.
4. Персоналды басқару үрдісіне тарту.
5. Ақшалы емес ынталандыру.

Қазіргі таңда адам ресурстарын басқаруда мынандай мәселелерді атап көрсетуге болады[2]:

- Бұрынғы теория мен практиканың негізіндегі жаңа (нарықтық) қызмет алаңы;
 - Басқарушылық стратегия қазіргі уақыттағы кәсіпорынның дамуының мақсаттарына жауап бере алмауы;
 - Шаруашылық жүрізудегі ролді түсіну мен персоналды басқарудың орны, алға қойған шындығындағы көлемі мен мінезіне сәйкес келмеуі. Персоналды басқарудағы мирасқорлық қызметтің болмауы (Қазіргі қолда бар формалар ескірді, жаңа, адекватты уақытпен жағдайлардың әлі табылмауы);
 - Персоналды басқару саласына ғылыми жобаларды, технологиялық зерттеулерді енгізу дұрыс жүргізілмеуі;
 - Жұмыс берушілер керекті қызметкерлердің параметрлік «спецификациясын» дәл таба білмеуі, жұмыс орнына анализ жасау және жұмыс орнындағы квалификациялық талаптарды табу қабілетінің болмауы. Еңбек нарығындағы анализдерге және жұмыс күшіне деген бағаға есептерінің болмауы;
 - Басқару субъектісі мен объектісінің менталитеті, нарыққа деген сезімталдықтың болмауы;
 - Персоналдағы кәсіби-квалификациялық дайындық пен персоналды қайта даярлаудағы сапа мәселесі. Басқарушылардың көбі ЖОО-да нарықтық қатынастарды оқымаған, ал жаңа формациядағы отандық мамандар негізінде шетелдік оқулықтармен оқыған, және отандық менталитет пен нарыққа қарқынды көшуге бейімделмеген;
 - Нарыққа қарсы күштердің іс-әрекеті (коррупция, қылмыс)
- Қызметкерді нәтижелі еңбек етуге ынталандыру үшін:
1. Еңбекақының көлемі.
 2. Күйзелісі аз немесе жоқ жұмыс.
 3. Келешекте қызметтік жолмен көтерілу мүмкіндігі.
 4. Басшымен тікелей қарым-қатынасы.
 5. Кәсіпорындағы қызметкерлердің хабарландырылуы.
 6. Еңбек жағдайы.
 7. Сенімді, берік қызмет, ертеңгі күнге сенім әкелетін жұмыс.
 8. Кең қауым құрметтейтін жұмысты орындау мүмкіндігі.
 9. Қызмет бойынша әріптестермен қарым-қатынасы.
 10. Өзіндік бастама мен дербестікті көрсету мүмкіндігі.
 11. Қызметтің өзінің қабілетіне сай келуі.
 12. Жұмыс беруші тарапынан қызметкердің денсаулығына деген көңілдің болуы
- аса маңызды роль атқарады[3].

Кесте 1. Қызметтік мотивацияға әсер ететін факторлар

Индивидуалды мінездеме	Жүргізілген қызметтің мінездемесі	Қызметтік жағдайдың мінездемесі
➤ Жынысы; ➤ Жасы; ➤ Білімі; ➤ Квалификациясы; ➤ Мекемедегі жұмыс істеу өтілі;	Атқарылатын қызметтің қиыншылығы мен жауаптылығы; Істеушіде бар дербестік дәрежесі;	➤ Ұйымдастырушылық мән мәтін ынталандыру жүйесі; ➤ хабарландырылу жүйесі;

➤ Қызметтік құндылықтар; ➤ Құрылудың бастауында болуы; ➤ Алдыңғы қатарлы қажеттіліктер	Соңғы нәтижеге деген жауаптылық дәрежесі; Қызметтік нәтижелерге қатысты кері байланыстың болуы; Орындалатын тапсырмалардың дәрежелерінің әр түрлілігі	➤ ұйымдастырушылық мәдениет; ➤ қалыптасқан басқару тәжірибесі; ➤ персоналды оқыту және дамыту; ➤ еңбек жағдайы; ➤ Тікелей қызметтік орта ➤ әріптестер (дәрежесі бойынша тең); ➤ бағынышты адамдар; ➤ басшылық
--	--	--

Осы мәселелерге көп көңіл бөлсе және оларды жұмысшыларды анкеталау көмегімен бұл сұрақтарға жауап тауып, өзінің кәсіпорынына енгізсе, онда кәсіпорындағы жұмысшылардың еңбек етуге деген ынтасы жоғарылайтыны сөзсіз. Кез-келген қызметкер жұмыс істеген кезде және жұмысқа орналасар кезде бұл мәселелерге көп көңіл бөледі. Себебі, адам өзінің әлеуметтік-экономикалық, материалдық жағдайын көтеру үшін жұмыс істейді.

Персоналды басқару үрдісін бүтін жүйе ретінде қараған кезде, одан негізгі элементтердің функцияларын көрсетуге болады[4].

- Ұйымдастырылу – кадрларды комплектілеудің көзін жоспарлау; тұрғындардың кадрларды қабылдау және қабылдау мерзімі жайлы хабардар болуы; кадрларды даярлауға бөлінген қаражат көлемі және т.б.
- Әлеуметтік-экономикалық – талаптар мен факторлар кешені, персоналды пайдалану мен тіркеп қоюды анықтау;
- Ұдайы өндірістік – оқу әдістемелік базасын ұйымдастырумен қамтамасыз ету, персоналды дамыту.

Кіршіксіз жұмыс төмендегідей болу керек:

- Мақсаттың болуы, яғни қандайда бір нәтижеге әкелу;
- Жұмыстың орындалуының маңыздылығы және оның әріптестерімен бағалануы;
- Жұмысшыға қызметтің орындалуы үшін шешім шығаруға мүмкіндік беру, яғни автономия болу керек (орнатылған шекте);
- Мекеме мен персоналдың арасындағы кері байланыстың болуы (еңбегінің нәтижелілігінің бағалануына байланысты);
- Жұмысшының көз қарасы бойынша әділ сыйақы тағайындау.

Қорытындылай келе персоналды басқаруда мотивацияның елеулі орын алатыны сөзсіз. Персоналға салынған салымдардың экономикалық жағынан үлкен қайтарылым болатынына көз жеткізген батыс кәсіпорындары бұл салаға көп инвестициялар жұмсайды. Әлемдегі нәтижелік жөнінде аса танымал консультант Уоррен Кристофер: «Адамдар мен кадрлық бағдарламаларға қанша салым салсаң да айырмашылығы жоқ, себебі соңында бәрібір кепілденген түрде бұдан да көп пайда табасың!» деген.

Әдебиеттер тізімі:

1 Архипова, Н.И. Управление персоналом организации. Қысқаша курс / Н.И. Архипова, О.Л. Седова. - М.: Проспект, 2016. - 224 б.

- 2 Веснин, В.Р. Управление персоналом в схемах: оқу құралы / В.Р. Веснин. - М.: Проспект, 2015. - 96 б.
- 3 Исаева, О.М. Управление персоналом: оқулық / О.М. Исаева, Е.А. Припорова. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 244 б.
4. Кабанов, А.Я. Управление персоналом: теория и практика. Организация профориентации и адаптации персонала: оқу құралы / А.Я. Кабанов, Е.В. Каштанова. - М.: Проспект, 2015. - 56 б.

ӘОЖ 06.77.01

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ С ПОМОЩЬЮ МОТИВАЦИИ

Төлекбаева Д.С., Толебаева Б.Т.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация.** В данной статье рассмотрены факторы, влияющие на мотивацию, основные проблемы управления персоналом и пути их решения.*

***Ключевые слова:** технология управления персоналом, подбор персонала, потенциал персонала, наем, деловая оценка, конкуренция.*

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОК: 81:001.4

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ РУХАНИ ПАРЕМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ

Ажгалиев М.К., Болатбекова А.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Аннотация: Тіл білімінде қазақ және ағылшын тілін салыстыру, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралау, -ол негізінен салғастырмалы әдіске жатады. Екі тілде де паремиялық бірліктер өте мол. Екі тілдегі паремияның негізі мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері тізбегінде жатыр. Мақалада қазақ және ағылшын паремияларындағы руханилықтың көрінісін мақал-мәтелдер негізінен көре аламыз.

Негізгі сөздер: паремия, мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, дін, туыстас емес тілдер, тілдегі тар ұғым, тілдегі табиғат

Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын паремиялар тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін универсалды құбылыс. Оның қызметі – өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету. «Паремиялардың жинақтарын құрастыру тәжірибесі паремиялардың лингвистикалық табиғатын зерттеп тануға жол ашты» (Н. Косенко, М. Kuusi). Бұл құбылысты арнайы зерттеуге байланысты ғылымда қалыптасқан пәнді паремиология деп атайды. Паремиология – паремияларды зерттейтін лингвистиканың бір саласы. Оған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, аңыз әңгімелер мен жұмбақтар кіреді. Бұл гректің paroimia – притча, proverbium, parabola сөзінен пайда болған. Paroimia деген нақыл, өсиет әңгіме, сөз деген ұғымда жұмсалады. Н. Пазяктың айтуынша паремиология паремиографияның бір бөлігі болған, кейін мақалдың теориялық зерттелуіне байланысты бөлек бір сала ретінде бөлінген. Паремия термині 1960-70 жылдардан бастап ғылыми басылымдардың беттерінде көріне бастады. Зерттеушілердің кейбіреулері терминнің шегін кеңейтіп, оның қатарына паремиялардан басқа жұмбақтар, ырымдар және анекдоттар, ертегілер де, аңыз әңгімелерді де кіріктірді (Г.Л. Пермяков). Басқа зерттеушілер (Э.Я. Кокаре) паремияларға шек қойып, оған тек қана мақалдарды, мәтелдерді, идиомаларды және фразеологизмдерді кіріктірді.

Паремия ұғымы шығуының екінші себебі дінге байланысты. Ол – ақыл үйреткіш сөз – «Священные писания» атты діни кітапта жиі кездеседі. Паремияны кешке шіркеуде оқиды. Кешкі қызметте бірнеше паремиялар оқылады: «И ты, Вифлеем: Еффафа, мал ли ты между тысячами Иудиными? Из тебя произойдет Мне Тот, Который должен быть Владыкою в Израиле и Которого происхождение из начала, от дней вечных. Посему Он оставит их до времени, доколе не родит имеющая родить; тогда возвратятся к сынам Израиля и оставшиеся братья их. И станет Он, и будет пасти в силе Господней, в величии имени Господа Бога Своего, и они будут жить безопасно, ибо тогда Он будет великим до краев земли» (Библиологиялық сөздік).

Вифлеем – ежелгі қалалардың бірі. Еффафтың үйі болып саналған. Өйткені бұл қаланың негізін салушының бірі Иуданың шөбересі (1 Пар. IV, 1-4) Еффаф болған.

Паремияны шіркеуде оқу салты Аллаға құлшылық етуден басталған. Преждеосвященный Дар Литургиясы кезінде оқылатын үлкен паремиялар сол ғасырдың куәгері болып саналады. Паремиялар көбінесе ұлы мерекелер кезінде оқылып сәйкес тақырыптарға бөлінген (Рождество Христованың, Богоматерьдің бейнелері т.б.). Бұған қатысты паремийник атты кітап та бар. Ежелгі орыс паремиялары XII-XIII ғасырларға жатады.

Паремиялардың шығу тарихы мен пайда болу жолдары, тілі жақын туыстас және туыстас емес халықтар үшін ортақтығы, логикалық сәйкестік, образдылық, бейнелеу тәсіліндегі шендестік т.б. толып жатқан мәселелер паремиологияның объектісіне жатады. Паремияларды мән-мағынасына және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты топтастыра зерттеу ерекше орын алады (Г.Л. Пермяков). Паремияны көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны етіп алуы тілдік табиғатының кеңдігімен байланысты. «Қарапайымдылығы мен оңайлығына қарамастан мақалдар аса күрделі, семиотикалық және басқа мағыналық бірліктер екен» деген пікір қалыптасқан (М.А. Яколевич). Тындаушының өмірлік тәжірибесіне, рефлексивтік шындығына және интенциясына қарай әр паремия жағдаятқа байланысты әрқалай түсінік береді.

Қазіргі ғылымда мақал мен мәтелдің мағынасы паремияның мағынасын білдіреді. Біз диссертациялық жұмыста алға қойған мақсатымызға орай зерттеу нысаны ретінде тек мақал-мәтелдерді қарастырдық. Қазақ және ағылшын паремияларындағы руханилықтың көрінісін мақал-мәтелдер негізінде ашуға тырыстық.

Тілде паремиялық бірліктер өте мол. Зерттеулерге сүйенсек, тек орыс халқының ғана паремияларының саны осы ғасырдың отызыншы жылдары үш жүз мыңнан асқан. Паремиялар сөздің санымен, сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымымен, синтаксистік және коммуникативтік түрлері және де басқа белгілерімен өзгешеленеді. Олардың бәрі тұрақты тіркестер немесе тілшілер айтқандай клишени көрсетеді. Шынында, тұрақты тек қана паремиялар емес, сонымен қатар әр түрлі фразеологиялық тіркестер, мыс., «темір жол», «дегенмен», «қас-жауы» клише болады. Паремияларға қарағанда бұл тілдік клише, паремиялар болса тілдің құбылысы ғана емес, олар өте күрделі туындылар саналады. Қалыптасқан қағида бойынша, тілдегі тіркестердің барлығы бір кезеңде дамыған, олар әртүрлі мағыналық даму сатысында тұрғандықтан біртұтас категория деп қабылданады. Бұл теорияның негізін салушы М.М. Копыленко мен З.Д. Попова.

Паремияларды фразеологияның құрамында да қарастыруға болады. Сондай-ақ, паремиялар фразеологияның қатарында қарастырылғанымен оларды қай топқа жатқызу керек екендігі туралы әрқилы пікірлер бар. Кейбір ғалымдар оны фразеологиялық бірлікке, біреулер фразеологиялық тізбекке жатқызады. Фразеология жеке пән болып қалыптасқалы бері фразеологизмдердің паремияларға қатысы туралы пікірлер қазірге дейін жалғасып келеді. Мұндай көзқарасты А.В. Кунин, И.И. Чернышева, Л.Ф. Козырева, С.Г. Гаврин, Л.А. Морозова, А.Д. Райхштейн және т.б. ғалымдар ұстанады. Сонымен қатар кейбір ғалымдар (Н.М. Шанский, В.А. Архангельский, В.Н. Телия, Г.Х. Ахунзянов, Р. Сарсенбаев, Ө. Айтбаев, Ф. Ахметжанова) фразеологизмдердің құрамына паремияларды енгізіп, оларды фразеологиялық сөйлемшелер деп атайды.

Паремиялардың тілдік табиғатын, олардың басқа тұрақты тіркестері мен ұқсастықтарын немесе ерекшеліктерін отандық тіл білімінде А. Байтұрсынов, Б. Адамбаев, Ө. Қайдар, С. Нұрышев, Ғ. Мұсабаев, М. Ғабдуллин, Ғ. Тұрабаева тәрізді

ғалымдар қарастырған. Жалпы және орыс тіл білімінде В.В. Виноградов, Н.Н. Амосова, М.Т. Тагиев, Н.М. Шанский, Л.А. Булаховский сынды ғалымдар өздерінің ұстанымдарымен, құнды пайымдауларымен, нақты теориялық түйін-тұжырымдарымен белгілі. Бұл жайында ғалым І. Кеңесбаев та өз пікірін ортаға салған.

Ол паремия мен фразеология арасындағы өзінің орынды пікірін білдіре келе, былай дейді: «Тілдегі мақал-мәтелдер тұрақты сөз тіркесіне жатады. Бірақ барынша тар ұғымда алынатын фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдер арасында көп айырмашылық бар. Мақал-мәтел фразеологизмнен өзінің сөз қолданысы, мағына жағынан ерекшеленіп тұрады. Ішкі мазмұны, сыртқы түрі жағынан мақал-мәтелдің фразеологиядан елеулі айырмашылығы бар. ФТ-пен кейбір ұқсастықтары болса да паремия сөз сараптаудың дербес түрі болып есептеледі. Демек, олардың өздеріне тән лексика – семантикалық, грамматикалық ерекше белгілер бар. Мақал-мәтелдің фразеологияға ұқсастығы ең алдымен компоненттерінің орнын әсте ауыстыруға болмайды. Едәуір зерттеушілер осы жағдайды еске ала отырып мақал-мәтелді тіпті фразеологияға енгізуді мақұл көреді. Бұл концепцияны қостауға болмайды» дейді академик І. Кеңесбаев өзінің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде. Сөйтіп, паремия мен фразеологизмдердің айырмашылығын академик олардың мазмұны мен сыртқы тұлғасы арқылы ажыратуға болатындығын айтады. Ғалымның айтуынша «паремия үлгі-өсиет, нақылға жөн сілтесе, фразеологиялық тізбек тек атауыш – бейнелеу мәнінде келеді екен». Сондай-ақ ғалым паремиялар синтаксистік жағынан да фразеологиялық тізбектерге қарағанда анағұрлым күрделі жасалатындығына тоқталып өткен.

Р. Сарсенбаев ғалым І. Кеңесбаевтың пікіріне қарама-қайшылық білдіріп, паремияны фразеологиядан бөлмей қарастыруды жөн деп санайды.

Ғалымның айтуынша, паремияны кейбір ұқсастықтарына қарай тұрақты сөз тіркестерінің құрамына жатқызуға болады, өйткені олардың синтаксистік құрылымы тұрақты, яғни олардың сыңарлары өзгермей тиянақтылыққа қарай жөн сілтейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Пассов Е.И. Программа-концепция коммуникативного иноязычного образования. М.: Просвещение, 2000. – 173 с.
2. Ахметов Т.А. Ж.Баласағұнның педагогикалық идеялары // Пед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 2003.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, - 1986. – 607 б.
4. Махмұт Қашқари. Түрік Сөздігі (“Диани лұғат-ит-түрік”) Аударған алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған Егеубай А.Қ. – Т. I, – Алматы, 1997; Т. II, - Алматы, 1997; Т. III, - Алматы, 1998;
5. Қазақстан Ұлттық Энциклопедия // Бас редакторы Нысанбаев Ә. Т. I, - Алматы, 1998. - 719 б.

ӘОК: 81:001.4

ЯВЛЕНИЕ ДУХОВНОЙ ПАРЕМИИ НА КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Ажгалиев М.К., Болатбекова А.Б.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, город Уральск

Аннотация: *Сопоставление казахского и английского языков в языкознании, анализ сходств и различий, - в основном относится к сопоставительному методу. На обоих языках паремических единиц очень много. Основа паремии на двух языках лежит в цепочке пословиц и поговорок и устойчивых словосочетаний. В статье проявление духовности в казахской и английской паремияхмы можем увидеть в основе пословиц и поговорок.*

Ключевые слова: *паремия, пословицы и поговорки, устойчивые словосочетания, религия, не родственные языки, узкие понятия на языке, природа языка.*

ӘОК: 81,271

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ТҰРМЫСИ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Ажғалиев М.К., Шанаева Д.Т.

БатысҚазақстанинновациялық-технологиялықуниверситеті, Орал қаласы

Аннотация: *Әлемде шындықты әр ұжым, әр ұлт өз биігінен таниды. Өз биігі дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау ерекшелігі, дүниетанымы, сана-сезімі. Ұлттық мәдениеттің ең маңызды және күрделі құрамдарының бірі – тіл болып табылады. Шындықтың адам санасында қабылданып, ой елегінен өтіп, сөз болып қалыптасып, сөз тіркесі немесе сөйлем ретінде айтылу үрдісі нәтижесінде - әлем бейнесі тілде екінші көрінісін табады.*

Негізгі сөздер: *заттар мен құбылыстар, қазақ және ағылшын тілі, тұрмыстық тіл, ұлттық мәдениет, әлем мәдениеті*

Дүниетану үрдісінің қарышты қадамы, шексіздігі – заттар мен құбылыстар шексіздігіне тікелей байланысты. Дүниенің көркемдік таным нысанасы айқындала түскен сайын ғылым шеңбері де ұлғайып, тақырыптық ауқымы кеңейе бермек. Жаратылыс шындығын нақтылы тарихи кешен тұрғысында баймдап, оны сан-салалы, жан-жақты қамту – ғылыми таным құбылыстарына тән белгілер. Бұл тарапта тіл әлемінің ғалымдары адамзат меншігіне тиесілі ең тамаша құбылыс – күллі тіршілік иесіне, дүниедегі бар болмыс-бітімге атау беріп таңбалау және оларды дыбыстау мүмкіндігінің сырларын ұғыну арқылы тылсым кеңістік әлемін игеруді ниет тұтқан.

Әлем өрісінің, заман құбылысының әлі жете танылмаған аясы кең. Ғылым мен өнер көзге көрініп тұрған дүние болмысын да, жердің шалғай ғалам кеңістігін де нақты деректермен беріле зерттеп, мүмкіндігінше оларды адамзаттың өмір шындығына біртабан жақын, шынайы бейнелеуге ізгі талпыныстар жасауда.

Халықтың санасындағы дүниені бағалау, қабылдау, жалпы тіршілік-әлемге деген көзқарасы - ғасырлар бойы қалыптасқан философиялық ойлау мәнері, қоршаған әлемді қабылдау үрдістерінің нәтижесі және ұлттық құндылықтар әлемінің көрсеткіші деуге болады. "Нақты бір этникалық топтың тұлғалық терең мәні бар құндылықтар

құрылымына сәйкес күнделікті мінез-құлық пен жүріс-тұрысын қалыптастыруы ұлт ментальдылығын көрсетеді. Бұл құндылықтар тұлғаның бойына әлеуметтік тұрақтану үрдісінде – жанұясымен, туыстарымен, достарымен, яғни, өзін қоршаған ортадағылар тарапынан қабылданады" [1,1166]. Сол менталитеттің бір көрінісі ретінде тілдің қарым-қатынас, экспрессивтік тағы басқа қызметтерінен өзге тарихи жинақталған реалий және абстракт ұғымдарды белгілейтін ұлттық-мәдени қызметін атауға болады.

Шындықты әр ұжым, әр ұлт өз биігінен таниды. Өз биігі дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау ерекшелігі, дүниетанымы, сана-сезімі. А.Вежицкаяның айтуы бойынша, тіл біріншіден, адамға қызмет ету үшін жаралған және әлемдегі объектілер мен құбылыстардың тілдегі барлық категориялары адамға бағытталып жасалған. Бұл - кез келген тілдің қасиеті. Екіншіден, кез келген тілдің ұлттық ерекшелігі бар және тілде тек табиғи немесе мәдени ерекшеліктер ғана емес, сонымен қатар, ұлттық мінез-құлықтың ерекшеліктері де айқындалады [2,с.21].

Біздің мақсатымыз – осы ерекшеліктердің себебін табуға әрекет жасау, оларға қандай фактор әсер етті немесе сол тілді жасаушы халықтың өзіне тән ақиқатты қабылдау қасиеттеріне байланысты болды ма, осы сияқты сұрақтарға жауап іздеу.

Тілдің қоғам өміріндегі маңызы туралы ғалым Қ.Аханов:"Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре отырып, қоршаған шындық өмір жайындағы білімімізді сақтап жеткізуші болып есептеледі. Тіл объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың сапа, белгілері және бір-бірімен қарым-қатынасы туралы қандай бір ойды болса да айтып жеткізуге икемді келеді" деп жазады [3,5066].

Адам дүниедегі бір затты тілдегі сөздермен белгілейді, ал тілдік бейнесі жоқ, тосын дүниені немесе затты қабылдау санаға қиын соғады. Әлемнің адам санасындағы бейнесі тілдегі бейнелермен, яғни сөздермен өте ұқсас, көп жағдайда олар бірін-бірі қайталайды.

Әр ұлттың, халықтың санасында әлем бейнесі сыртқы және ішкі факторларға байланысты әр түрлі болғандықтан, тілдегі ерекшеліктер де сан алуан. Сыртқы факторларға географиялық орта, әлеуметтік жағдай, шаруашылық түрі, діннің ықпалы, тарихи жағдай т.с.с. жатса, ішкі факторларға әдет-ғұрып, дүниетанымды, әдеп-шарттарын, жол-жосықты жатқызамыз.

Тілдегі әлем бейнесі, басқаша айтқанда, сөздердің қоршаған дүниені белгілеп атауы қандай жағдайларға байланысты жүзеге асады деген сұраққа көптеген ғалымдар осы уақытқа дейін жауап іздеуде. Бұл тақырыпқа байланысты зерттеулер тілдің әлемді танудағы қызметін жан-жақты қарастыратын әр түрлі пікірталас тудыруда.

Л.О.Чернейконың еңбегінде тілдің философиялық табиғатын, шындықты (реальность) бейнелеу сапасын, абстракт атауларды когнитивтік тұрғыдан қарастырады: "Сепир – Уорф гипотезасының тұжырымдары көптеген зерттеулерге жол ашты, нәтижесінде бірқатар этностық мәселелер шешімін тапты, көптеген деректер дәлелденді, нақтыланды. Бұдан мынадай қорытынды шығады: ұжымдық сана дыбыстық атауы жоқ дүниені, затты, құбылысты, нәрсені танымайды, "көрмейді", ал сана арқылы тану лексика-семантикалық деңгейде алатын болсақ - семантикалық кеңістікке, тілдің құрылымына, сөздердің санына және олардың меңгерілу түріне байланысты" [4,с.10]. Чернейко ақиқат (действительность) – және шындық (реальность) ұғымдары туралы мынадай түсінік бар екендігін айтады: ақиқат деп санадан тыс, белгісіз дүниені айтамыз, ал шындық санамызға тәуелді, таныс дүние. Ақиқат дүние материалды және идеалды болып екіге бөлінеді. Осы тұста Г.В.Гактың пікірін айта кеткіміз келеді: "Ақиқаттың

кейбір элементтерінің тілде арнайы белгіленбеу себебі осы тілде сөйлеуші адамдардың санасында соған сәйкес түсініктің жоғына байланысты" [5,с.257]. Материалды дүниенің тілдегі бейнесі шындыққа жақын болуы мүмкін.

Әлем бейнесі әлемге деген белгілі бір көзқарастың бүтіндігін, жалпылығын білдіреді. Бұл туралы Э.Д. Сүлейменова: "Әлем бейнесі ұғымында бүтіндік белгісі бар және ол тілде адамдардың ұзақ қатынасы негізінде мәтін түрінде жүзеге асуы мүмкін. Жеке сөздердің табиғатында әлемнің тілдік бейнесі мүмкіндігінің жоқтығы, олардың қарым-қатынас қызметін атқару мүмкіндігі бомауымен барабар" деп жазады.

"Ғылымда ғылыми әдістер көмегімен жасалынатын әлем бейнелерімен қатар, дағдылы сана-сезім арқылы қалыптасқан ғылымнан тыс әр түрлі әлем бейнелері бар және олардың қызметі бүгінгі таңда аса өзекті болып табылады. Әрине, кез келген шынайы әлем бейнесі шындыққа біршама жақын немесе одан алыс теориялық көшірме, танымға тәуелсіз пайда болған болмыстың объективті байланыстары мен қарым-қатынастарының көрінісі".

Ұлттық мәдениеттің ең маңызды және күрделі құрамдарының бірі – тіл болып табылады. Шындықтың адам санасында қабылданып, ой елегінен өтіп, сөз болып қалыптасып, сөз тіркесі немесе сөйлем ретінде айтылу үрдісі нәтижесінде - әлем бейнесі тілде екінші көрінісін табады. Сондықтан, әлемнің бейнесі мен тіл екеуі өзара тығыз қарым-қатынаста. Осыдан келіп, әлемнің тілдегі бейнесі атты ұғым пайда болуы әбден заңды. Тіл білімінде әлем бейнесін көптеген ғалымдар зерттеу объектісі етіп алады. Осы бағытта біршама жұмыс жасаған ғалымдар - Б.А.Серебренников, Е.С. Кубряков, В.М.Постовалова, А.А.Леонтьев, Г.В.Колшанский, В.А.Маслова, Н.Ю.Шведова, Г.А.Брутян, Н.Г.Комлев, Э.Д.Сүлейменова, т.б. Бұл еңбектерде негізінен тілдің өмір сүруіндегі, дамуындағы, қызмет етуіндегі адамның рөлі қарастырылған.

Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым қазіргі таңда дүние жүзі бойынша көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болып келеді. Бұл мәселемен айналысу көне заманнан басталды деуге дәлелдер бар. Тек зерттеудің әр кезеңінде ғалымдар «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғым аясын кеңейтіп, тіл білімі ғылымына өз үлестерін қосуда.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Кадина Ж.З. «Мінез-құлық» концептісінің әлемнің тілдік суретіндегі көрінісі // ҚР-сы Ұлттық Ғылым Академиясының Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 2007. – №3 (163). – 82-85 бб.
 - 2 Столин В.В., Наминач А.П. Психологическое строение образа мира и проблемы нового мышления // Вопросы психологии. – 1988. – №4. – С. 34-46.
 - 3 Керимбаева Д. Языковая картина мира казахских народных волшебных сказок: автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 2008. – 31 с.
 - 4 Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. – Алматы: Білім, 2005. – 304 б.
 - 5 Клепиков В.Н. Этическая культура школьников в контексте триады «Истина-Добро-Красота» // Педагогика. – 2006. – № 2. – С. 29-37.
- ӘОК: 81,271

БЫТОВАЯ ЯЗЫКОВАЯ КУЛЬТУРА РЕЧИ НА КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Ажғалиев М.К., Шанаева Д.Т.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, город Уральск

Аннотация: В мире истину каждая нация, каждый коллектив познает со своей высоты. Своя высота-это особенность мышления, мировоззрение, сознание, сформировавшееся на протяжении веков. Одним из важнейших и сложных компонентов национальной культуры является язык. В результате процесса, когда истина воспринимается в сознании человека, проходит переосмысление, формируется словосочетание, произносится как словосочетание или предложение – образ мира находит второе отражение в языке.

Ключевые слова: предметиявления, казахский и английский язык, бытовой язык, национальная культура, культура мира.

ӘОК: 81:001.89

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Джанбаева А.Қ.

БатысҚазақстанинновациялық-технологиялықуниверситеті, Орал қаласы

Аннотация: Мақалада жоғары мектептегі оқыту үдерісінде болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерін даярлаудың педагогикалық шарттары анықталады. Оқу мен тәрбие үрдісіндегі ағылшын тілін оқыту арқылы болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық негіздері сөз болады.

Негізгі сөздер: оқыту үрдісі, мұғалімдер, педагогикалық үдеріс, философиялық шарт, педагогикалық зерттеу, педагогикалық негіз.

Қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болып табылады. Мұның өзі шетел тілін мектептерде пән ретінде оқытудың дәрежесін жоғарылатады. Қоғамдық құрылыстың барлық құрылымдары дамушы жүйе ретінде қарастырылғандықтан, олардың құраушыларының өзара байланысы, өзгерісі басқа элементтерге ықпалын тигізеді. Қоғамдық прогреске сәйкес білім беру мазмұны өзгерістер мен толықтыруларға ұшырайды.

Білім беру жүйесінде кеңінен қолға алынып жатқан іс-әрекеттің бірі жаңа қоғамға, сол қоғамның дамуына сәйкес адам тәрбиелеу мәселесі болып отыр.

Қазіргі таңда мектептегі өзгерістерге "жаңа тәрбие" ұғымына тән іс-әрекеттерді жатқызуда. "Жаңа тәрбие - педагогикада ХІХ ғасырдың аяғында реформаторлық педагогика шеңберінде пайда болған ағым. Жаңа тәрбие идеялары қоғамның мектеп (негізінен, орта мектеп) арқылы экономикалық, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында белсенді қызмет атқаруға даяр, жан-жақты дамыған, бастамашыл адамдар даярлау тұрғысындағы қажеттеріне сай болды" [1, б.88].

Педагогикалық инновацияға, жаңа тәрбиеге даяр жаңа формация мұғалімдерін даярлау соңғы уақыттарда кеңінен айтылуда. С.И.Ожеговтың сөздігі бойынша "Формация - қоғамның даму тарихындағы белгілі кезеңі және сол даму кезеңіне тән құрылыс; көзқарастар, пікірлер жүйесі" ретінде анықталады [2, б.853].

Білім беру жүйесіне жаңалықты (инновациялық) үдерістердің енуіне байланысты жаңаша ойлауға қабілетті, жоғары мәдениетті, қоғам мен мектептің алдына қойылған міндеттерді айқын түсінетін жаңа формация мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі көкейкесті болып табылуда.

Мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда:

- кәсіптік іс-әрекеттің жаңа әдіснамасын және технологиясын игеру;
- демократиялық идеалдарды тасымалдаушы ретінде педагогтың жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыру;
- жаңа талаптар жағдайында (оқытудың жаңа технологияларын меңгеру мен білімі) оқытуға және ұдайы өзіндік білім алумен шұғылдануға даярлығын қалыптастыру;
- өзіндік және жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті педагогтік жеке тұлғаны қалыптастыру [3, б.185-189].

Жоғары мектептегі оқыту үдерісінде болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерін даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау, алдымен шарттардың мазмұндық сипатын анықтау қажеттігі туындайды. Осыған сәйкес, “шарттар”, “жағдай”, “даярлаудың педагогикалық шарттары” ұғымдарының мәнін ашу керек. Орыс тіліндегі “Условия” терминінің қазақ тіліндегі аудармасы “жағдай”, “келісімдік”, “ереже”, “шарт” немесе “талаптар” т.б. терминдерді береді [4]. Жалпы “педагогические условия” ұғымының қазақ тілінде “педагогикалық шарттар” ұғымы ретінде қолданыс тапқаны дұрыс болып табылады.

Шарт – объектінің өмір сүруі үшін, немесе әрекет етудің керекті базасы, негізі ретінде көрінеді. Педагогика ғылымында шарттарды объективті және субъективті деп ажыратады. Объективті шарттар мұғалімге байланысты емес, оған мемлекеттік оқу-әдістемелік құжаттар, оқушылардың жас және жеке дара ерекшеліктері, мектептің жұмысы және оны қоршаған ортаның нақты жағдайы қатысты болып табылады. Субъективті шарттарға мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттері мен шеберлігі, оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі заңдар мен білімдер, оларды практикада қолдану ептілігі, оқу және тәрбие үдерісіне жағымды жағдайды мұғалімнің жасау және тәрбиеленушілермен дұрыс қатынасты орнатуы жатады. Кейбір кезде белгілі іс-әрекет түріне қабілетті субъективті жағдай шешуші мәнге ие болады [5].

Философтар шарттарды қажетті және жеткілікті деп бөліп қарастырады. Шарт оқиға салдарының, заттар өзгеруінің және әлемнің объективті құбылысын анықтаушы ретінде қарастырылады [4]. "Шарт", "жағдай" деген ұғымдардың қазақ тілінде бір мағынаны білдіре бермейді, сондықтан ғылыми зерттеулерде “педагогикалық шарт – педагогикалық жағдай” ұғымдарының синоним ретінде пайдаланылады.

"Шарт", "жағдай" ұғымдарының көптеген анықтамаларын талдау оларды былай жіктеуге мүмкіндік берді: біріншіден, бұл - белгілі заттың, дененің, өзін қоршаған ортаға, құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық категория, яғни, дене, зат жағдайға (шартқа) тәуелді, ал жағдай (шарт) – ол денеге, затқа сырттай ықпал жасайтын, объективті әлемнің алуан түрлі құбылыстары; белгілі құбылысты немесе үдерісті дүниеге әкелетін себепші күштен шарттың немесе жағдайдың айырмашылығы, ол –

пайда болған құбылысқа, нәрсеге, затқа - өмір сүретін және әрі қарай дамуға мүмкіндік беретін орта болуында;

Екіншіден, бұл - өзіне бір нәрселердің тәуелді жағдайы;

Үшіншіден, бұл - өмірдің, қоғамның қажеттілігіне орай қалыптасқан ережелер, ұстанымдар;

Төртіншіден, басшылыққа алынатын талаптар [4].

Педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың өзіне тән шарттары болатыны заңды нәрсе, себебі оның өзіне тән мақсаты, міндеттері, мазмұны, атқару әдіс-тәсілдері, құралдары болады, сондай-ақ, нәтижесі өзінің мақсатына сәйкес келеді.

Жағдайлар деген ұғым факторлар ұғымымен де тығыз байланысты, себебі факторлар да бұрыннан қалыптасқан жағдайлар, олар дененің, заттың дамуына ықпал етеді.

Педагогикалық зерттеулерді талдау “педагогикалық шарт” ұғымын пайдалануда, оқыту мен тәрбиелеудегі жаңа - оның жекелеген бөліктеріндегі немесе бүтіндей мектептегі білім беруді жетілдірудегі келесі қадам ретіндегі практикаға ендірілген, педагогикалық эксперимент тәртібінде даярланған жаңа оқыту, тәрбиелеу, дайындау (әрекет ету) жүйесін сипаттауды талап ететіндігін көрсетеді.

“Педагогикалық шарттар” ұғымын ашу оны “педагогикалық негіздер” ұғымынан шектеу қажет. “Педагогикалық негіз” деп, кез келген педагогикалық жүйеге қатысты оқыту мен тәрбиелеуді түзудің негізгі жалпы сипаттамаларын мақсатты түсіну қажет.

“Педагогикалық шарт” ұғымы “педагогикалық жүйе” ұғымымен өзара байланыста және “педагогикалық шарттар” ұғымын пайдалану “педагогикалық жүйенің” бар болуында ғана белгілі мәнге ие болады. Педагогикалық шарттарды сипаттау, оның әзірлемесін даярлау жетілдірілген педагогикалық жүйесін тудыруға ұмтылғанда ғана мәні болады.

В.П.Беспалько кез келген педагогикалық жүйе құрылымының жиынтығы ретінде мыналарды анықтаған: 1 - оқушы; 2 - тәрбие мақсаттары (жалпы және жеке); 3 - тәрбиенің мазмұны; 4 - тәрбие үдерістері (жеке тәрбие мен оқытудың); 5 - мұғалім (немесе оқытудың техникалық құралдары); 6 - тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формалары; 7 - оқытудың нәтижелері. И.П.Подласый бұл жүйеге: 1 - басқару; 2 - құралдары; 3 - технологияны қосу керек деп біледі [5].

А.Ф.Амиров педагогикалық зерттеуіне сәйкес педагогикалық шарттарды өзара байланысты жүйе түзуші үш блокты: I блок - оқытудың әдіснамасын, соған сәйкес мақсаттарды, міндеттерді, ұстанымдары; II блок - оқу-танымдық іс-әрекеттердің мазмұнын, формаларын және әдістерін; III блок - ішкі және сыртқы танымдық ой түрткілер (мотивтер) жүйесін ұсынады [5].

Педагогикалық зерттеулерді талдаудың негізінде педагогикалық шарттар деп, педагогикалық жүйе құраушыларының мазмұндық сипаттамаларының жиынтығын және нәтижеге жету жолын түсінеміз. Зерттеуімізде біздер педагогикалық жүйенің кейбір элементтерін құрастыруды және соның негізінде оқу нәтижесін арттыру мүмкіндіктерін қарастырдық. Дәлірек айтқанда оқу іс-әрекетіне тоқталдық.

Әдебиеттер тізімі:

1.Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. – Москва. 1982, 190с.

2. Беркімбаева Ш.К. Жалпы білім беретін қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие үрдісінің дамуы [1980-2000 ж]: Пед.ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2003.- 28.б.
- 3.Амиров А.Ф. “Педагогические условия политехнической направленности изучения основ наук в общеобразовательной школе” Автореф. канд.пед.наук. – М., 1993. - 17 с.
4. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан мектебі. 2004. №2. б. 3-17.
5. Құлекеев Ж. Тілдік қарым-қатынас – мәдениет айнасы //Қазақстан мектебі. 2004, №4. б.3-7.
Қазақ тілінің сөздіктерін өзара салыстырғанда біраз айырмашылықтар анықталды. Нақты бір лексеманың стилистикалық реңкін анықтаудан сөздіктегі анықтамалардың өзара келіспеушілігі байқалады. Мысалы белгілі біретістік 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» – «сөйл.» стилистикалық реңкімен белгіленсе, 1 томдық «Қазақ тілінің сөздігінде» – нейтр. немесе басқа бір стилистикалық реңк түрімен белгіленген. Екі сөздікте де ғылымның белгілі бір саласына тән екендігін көрсететін арнайы стильдік лексикографиялық белгілер басым. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінің екеуінде де осы салаға жататын сөздердің стилистикалық бояуы тереңінен көрсетілген. Ал, нақты стилистикалық белгілердің түрлері екі сөздікте де кемдеу. Сөздердің эмоционалды-экспрессивті бояуын көрсететін стилистикалық белгілерді тереңірек ашу керек еді. Мысалы, «қуаныш», «реніш», «өкініш», «қорқыныш» т.б.

Ағылшын тілінің сөздіктерін өзара салыстырғанда да біраз айырмашылықтар анықталды. «Webster's New World Dictionary» сөздігіне ғана тән стилистикалық белгілер тобында тіл бірлігінің қолдану жиілігін көрсететін стильдік белгілер бар. «Oxford Advanced Learner's Dictionary» сөздігінде мұндай стилистикалық реңктің белгілері кездеспеді. Сол сияқты «Oxford Advanced Learner's Dictionary» сөздігінде сөз бірлігінің ғылымның белгілі бір саласында арнайы жұмсалатындығын көрсететін стилистикалық белгілер бар. Жоғарыда аталған ағылшын тілінің «Webster's New World Dictionary» сөздігінде мұндай стилистикалық белгілер кездеспейді. Әрине, «Webster's New World Dictionary» сөздігінде белгілі бір ғылым саласына байланысты сөздер кездесті, бірақ сөздікте олардың стилистикалық реңкі анықталмаған.

Қазақ және ағылшын тілдері сөздіктеріндегі етістіктердің стилистикалық бояуының презентациясы лингвистикалық зерттеу нәтижелерінің талдауы, сөздіктердегі тек етістік лексемаларының ғана емес, сонымен бірге, сөздіктердегі басқа лексикалық бірліктерге де ортақ ғылыми қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Себебі, статистикалық талдау етістіктің стилистикалық бояу түрлерінің нақты пайыздық көрсеткіші мен абсолюттік санын ғана шығарып қоймай, сонымен бірге әр сөздіктің стилистикалық және

статистикалық ерекшелігін, сөздіктердің материалын салыстырғандағы стилистикалық және статистикалық айырмашылықтарын көрсетті.

Зерттелген қазақ және ағылшын тілдері сөздіктерінде эмоционалды-экспрессивті стилистикалық бояуы бар етістік лексемалары сандық қатынаста функционалды-стильдік бояуы бар етістік лексемаларына қарағанда аз екендігі анықталды. Екі сөздікті салыстырғанда (1 томдық «Қазақ тілінің сөздігі» және ағылшын тілінің «Oxford Advanced Learner's Dictionary» сөздігі) эмоционалды-экспрессивті стилистикалық бояуы бар етістік лексемаларының салыстырмалы орта жиілігі 18%, ал функционалды-стильдік бояуы бар етістік лексемаларының салыстырмалы орта жиілігі 82%-ды құрайды.

Стилистикалық бояуы бар етістік лексемаларының осы екі түрі әр тілдің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты лексиканың негізгі үш қабатына (көтеріңкі, нейтралды және төмендетілген лексика) бөлінеді. Зерттелген сөздіктердің арасындағы тағы да бір үлкен ерекшелік – етістік лексемаларының осы үш стильдің біреуіне қатысы. Мысалы, 1 томдық «Қазақ тілінің сөздігінде» эмоционалды-экспрессивті стилистикалық бояуы бар етістік лексемаларының көбісі 69%, (яғни 2/3 бөлігі) көтеріңкі стильге кіреді де, ал ағылшын тілінің «Oxford Advanced Learner's Dictionary» сөздігіндегі осы стильге кіретін етістіктердің басым көпшілігі (70%) керісінше, төмендетілген стильге кіреді, яғни бұл сөздікте етістік лексемаларының тек 1/3 ғана көтеріңкі стильге кіреді.

Функционалды-стильдік бояуы бар етістік лексемаларының сапалық-сандық көрсеткіштері де екі сөздіктің арасындағы айырмашылықтарды айқын көрсетеді. Осы стильге кіретін етістіктердің көбі 1 томдық «Қазақ тілінің сөздігінде» көтеріңкі стильге кіреді (71%), ал ағылшын тілінің «Oxford Advanced Learner's Dictionary» сөздігінде етістіктердің жартысы төмендетілген стильге жатады (49,5%).

Сөздіктерде берілген стилистикалық белгілердің классификациясы қазіргі кездегі қазақ не ағылшын тілдерінің сөз бірліктерінің эмоционалды-экспрессивті немесе функционалды-стильдік бояуларын толық көрсетпейді.

Қазіргі қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де сөздердің эмоционалды-экспрессивті бояуы түсіндірме сөздіктерде толық түрде белгіленбейді. Біздің ойымызша, мұның себебі мұндай стилистикалық реңктердің, көбінесе, сөйлесім процесінде ғана кездесетіндігінде болса керек (интонация, дене қимылы, мимика т.б. арқылы.)

1 томдық «Қазақ тілінің сөздігінде» стилистикалық бояуға арналған лексикографиялық белгілер көп жағдайда тек туыс, ұқсас сөздердің бастапқы зат есіміне ғана берілген, ал ағылшын тілінің «Oxford Advanced Learner's Dictionary» сөздігінде бірдей стилистикалық реңк керек жағдайларда туыс сөз таптарының бәріне де берілген. Бұл жағдай сөздіктердегі стилистикалық реңкпен таңбаланған лексемалардың статистикалық көрсеткіштерінің алшақтауына себеп болды десек болады.

Сонымен, қазақ және ағылшын тілдері сөздіктеріндегі етістіктердің стилистикалық бояуы, оның осы сөздіктердегі презентациясы бірдей емес. Сөздіктердегі стилистикалық бояуы бар етістік лексикасы түрлерінің жиілігінде маңызды айырмашылықтар бар. Яғни, сөз таптарының лексикасында (біздің зерттеуімізде етістік лексикасында) стилистикалық бояудың түрлері тілдік деңгейде бөлек құрылады және осы құрылыс сөздіктерде стилистикалық реңк арқылы көрінеді. Бұл көрініс әр кезде біркелкі болмайды, себебі ол жалпы сөз таптарының және жеке етістік лексемаларының стилистикалық бояуы тұрақты бола алмайтын ситуативті сөйлесім стилистикасы нақты көрінісін көп жағдайда ескере алмайды. Осыған байланысты бұл жерде нақты сөйлесімнің барлық стилистикалық өзгешеліктерін ескеріп, олардың статистикалық

сипаттамалары мен сөйлесімдік ситуативті модельдерін шамамен көрсете алатын лексикографиялық стилистикалық реңктер жүйесін құру мәселесі маңызды болып тұр.

Қорыта айтқанда, қазақ және ағылшын тілдері түсіндірме сөздіктеріндегі етістік лексемаларының стилистикалық реңктерін салғастыруа талдау генетикалық жағынан туыс емес, типология жағынан әртүрлі құрылымға енетін екі тілдің ерекшеліктерін анықтауға үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Зерттелген қазақ және ағылшын тілдері сөздіктерінің лингвостатистикалық талдауының қорытындысы тіл бірліктерінің сапалық және сандық сипаттамаларының бір-бірімен тікелей байланысты екендігін дәлелдеді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Сыздыкова М.А. Сопоставительно-типологический анализ фразеологических единиц со значением глаголов речи (на материале русского и казахского языков): дисс. ... канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 1995. – 137 с.
- 2 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 265 б.
- 3 Сыздыкова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 4 Сауранбаев Н.Т. Общие сведения о глаголах // Современный казахский язык: Фонетика и морфология. – Алматы, 1962. – С. 238-246.
- 5 Серғалиев М.С. Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы, 1983. – 41 б.
- 6 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1997. – 240 б.
- 7 Beard Adrian. Texts and Contexts: An Introduction to Literature and Language Study. – London: Routledge, 2001. – 176 p.
- 8 Bex Tony, Michael Burke and Peter Stockwell. Contextualized Stylistics. – Amsterdam:

ӘОК: 81,38

УСЛУГИ СТИЛИСТИЧЕСКОГО ОТТЕНКА НА КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Мырзахметова Ж.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, город Уральск

Аннотация: В статье рассматриваются богатства стилистической окраски глаголов, различные концептуальные взгляды составителей словаря в определении этих стилистических оттенков, их стилистическая функция.

Ключевые слова: стилистика, стилистический оттенок, единство языка, виды стилистики, экстралингвистика, глагол, словарь, стилистика глаголов

ӨОЖ 16.21.23

КӨПТІЛДІ БІЛІМ – КӨП МӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕГІ

Утебаева А.Х., Макашева Ф.Н., Қойлыбайева Б.Ж.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Бұл мақалада әрбір мемлекеттің экономикалық, парасаттылық және мәдени деңгейі білім саласының прогрессивті даму мүмкіндігіне байланысты екендігі атап көрсетілген. Көптілді білім-көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзеі. Әлемдік білім кеңістігінің жетістіктерін терең меңгеріп, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру білім беру жүйесінің басты мақсаты. Бүгінгі таңда ағылшын тілі барлық сала мамандарының кәсіби міндетінің негізгі компоненттерінің бірі. Мақалада сонымен қатар өзге тілді үйретудің кейбір әдіс-тәсілдері берілген.

Негізгі сөздер: интеллектуалды тұлға, прогрессивті даму, көптілді білім беру, жоғары білікті маман.

Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған көрінеді.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар, орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Үш тұғырлы тіл саясатын дұрыс түсінбей, тек қана қазақ тілін қолданайық деп айта берудің қажеті жоқ. Одан да біз мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілі мен ағылшын тілін қажетіне қарай үйренуіміз керек. Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазақ мектебінде оқыған, жас қалада тұрғаннан кейін орыс тілін де білетіні айдан анық. Сонымен қатар, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылғаны құптарлық дүние. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

Қазақстанда 32ден астам жоғарғы оқу орындарында үш тілде – ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде оқытылады, яғни 5.5 мың студент көптілділік білім алуда.

Мемлекеттік тіл – аса маңызды да ең өзекті мәселе, тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгісі. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан

мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Қазақ тілінің тағдыры үшін күрес соңғы жүз жылда бірде-бір толас тапқан жоқ. Ұлы Абайдың заманын айтпағанда, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған алып топ, тіл мәселесіне ерекше мән беріп, оның шексіз байлығын, суреткерлік қуатын, бейнелілігі мен саздылығын көркемдік сапаға жеткізді.

Президентіміз «Қазақстан халықтар ассамблеясы отырысында айтқан тезисі бойынша әрбір азамат мемлекеттік тілді, ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілін және ағылшын тілін меңгеруге ұмтылуы тиіс. Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін. Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі», -деп атап көрсеткен болатын.

Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар жетілдіруде. Сол себептен ақпараттық-коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру қоғамдастығының кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды.

«Мақал – сөздің мәйегі» атты ойын.

Мақал-мәтелдерде қалып қойған сөздерді тауып, орыс, ағылшын тілдеріне аударайды.

1. . . . кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.
Бас – голова- head
2. Тіл буынсыз, . . . түпсіз.
Ой – мысл-thought
3. . . . қылыштан өткір.
Тіл – язык – language
4. . . . жүйрігі айырады,
Тіл жүйрігі қайырады.
Ат – лошадь-horse
5. Өнер алды - . . . тіл.
Қызыл - красный-red
6. . . . көтермегенді
Тіл көтереді.
Піл – слон – elephant
7. Шебердің. . . , шешеннің тілі ортақ.
Қол – рука-hand

Тарихи деректерге жүгінсек, осыдан 12 ғасырдың алдында жасаған энциклопедик ғалым, әлемде Аристотелден кейіне кінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Наср Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70ке жуық ұлттың тілін жеттік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі анық. Көп тілді меңгерген адам әуелі

өз тілінде ой қортып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иелеп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетілері қақ.

Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді.

Бұл ұғымға жалпылама тоқталсақ... көптілділік, мультилингвизм, полилингвизм-нақтылы коммуникативтік жағдайдың әсер етуімен белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көптілде сөйлей білушілік. Мұның өзі жеке адамның (индивидуумының) көптілділігі және ұлт пен ұлыстың көптілділігі болып бөлінеді. Көптілділіктің үштілді меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты. Ұлттық құрамы бырыңғай, бірғана этнос мекендейтін мемлекетте. Көптілділік сирек. Онда жеке адамның ғана көптілділігі ұшырасады. Көптілділік: жаппай көптілділік, ішінара көптілділік болып бөлінеді.

«Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын жүзеге асыру мақсатында дайындалған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы-білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адам капиталын дамыту үшін білім мазмұнын түбегейлі жаңғырта отырып, білім саласында кезек күттірмей тұрған мәселелерді шешуге бағытталған. «Қазақстан әлемде тұрғындары үштілді қатар қолданатын, яғни қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-халықаралық тіл ретінде, ағылшын тілі-әлемдік экономиканың жетістікті интеграциясы ретінде, жоғары білімді елдер қатарында қабылдануы тиіс» - деді Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі- мектепте көптілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Көптілді білім- көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үштілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легі не немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

- Көптілді білім беру- бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқыту;

- билингвалды білім беру- оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану.

Бұл өзекті мәселелерді жүзеге асыру үшін басты мақсатымызды анықтап алдық. Ол — Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үштілде білім меңгерген, көптілді коммуникативтік құзырлылықтары қалыптасқан, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Көптілді және билингвалды білім беруде оқу–тәрбие үрдісінен күтілетін нәтижелер мыналардан тұрады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде қалыптасқан білімдерін ана тілі, мемлекеттік тіл, орыс тілінде еркін білдіретін мектеп бітірушісі;
- бітірушінің көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі;
- көп мәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейі;
- ұлттық және жалпы қазақстандық, құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығу танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға;
- бітірушілер еңбек нарығында, өмірлік қызметте тілдік кедергілерге ұшырамайды;
- «Тілі бірдің–тілегі бір», «Тіл тағдыры– ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету парыз. Ендеше жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығулары мен ұмтылыстарын арттыру арқылы олардың Отанға деген махаббаттарын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізу–басты міндетіміз. «Ұлым тіліңді жаман сөзден, көзіңді жамандық бағудан сақта. Ұлым, сөзіңді жүрегіңмен тербеп, содан соң айт, бұлай етсең баршаға сүйкімді боларсың. Ұлым, біреуден жаман сөз естісең, оны жүрегіңнің жеті қарыс түкпіріне тұт, оған жаман болар, саған жақсылыққа қайтар», - деп дана Хикар ұрпағына осы бір даналық сөзді жадымызда мәңгі ұстап өзге тілдерді еркін меңгере отырып, өз ана тілімізді сақтап, айтар сөзімізді өз орнымен пайдалана білейік, ағайын!

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»// Егемен Қазақстан.-2007.
2. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан.-2011 №110.5-76.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы
4. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы»Заңы: Ресми басылым.-ҚР Заңы

УДК 16.21.23

ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ-СТЕРЖЕНЬ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ

Утебаева А.Х., Макашева Ф.Н., Қойлыбайева Б.Ж.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: В данной статье акцентируется внимание на вопросах взаимосвязи уровней экономических и культурных сфер каждого государства с потенциалом развития сферы образования. Полиязычие – это инструмент для формирования поликультурной личности. Основная задача системы образования-формирование всесторонне гармонично развитой личности, владеющей несколькими языками. На сегодняшний день английский язык является основным компонентом функциональной обязанности специалистов всех сфер деятельности. Также в статье рассматриваются некоторые методы и подходы обучения иностранным языкам.

Ключевые слова: интеллектуальная личность, полиязычие, полиязычное образование, высококвалифицированный специалистов.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӨОЖ 37: 001.89

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ТОПТЫҚ ОҚЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Джармухамбетова Г.З., Жумасейтова А.Е.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтендірілген кәсіби кадрларды дайындаудағы басымды мәселелер, қазіргі кәсіби білім берудегі құзыреттілік тәсілдемесі, студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін топтық оқу жұмыстары арқылы дамытудың ғылыми-теориялық тұғырлары қарастырылады.

Негізгі сөздер: құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, топтық оқыту, дамыту, әлеуметтік орта, әлеуметтік дағдылар, коммуникативтік біліктілік, кәсіби құзыреттілік.

Жаһандану процестері қазіргі білім беру үрдісін дамыған мемлекеттердің әлеуметтік инфрақұрылымының маңызды бір элементіне айналдыруда. Қазіргі әлемде әлеуметтік-экономикалық және технологиялық өзгерістер алға көптеген күрделі міндеттерді тартуда, олардың басым бөлігі міндетті түрде жоғары білім беру институтының қызметімен байланысты. Қазақстан Республикасының болашағы көбінесе оның зияткерлік әлеуетінің уақыт ағымына ілесіп қана қоймай, одан озып отыру қабілетіне тікелей тәуелді. Білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясы мен перспективалары «100 нақты қадам» мемлекет бағдарламасында және Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында анықталған. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ғылым мен білімді дамытуға ерекше көңіл бөледі. Басты қаперге адам капиталының сапасын және жоғары білім беру үрдісінің, білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту қажеттілігі қойылады[1].

Қазіргі қоғам ойдағыдай әлеуметтендірілетін, әлеуметтік құзыреттілігінің деңгейі жоғары өскелең ұрпақты жан-жақты дамытуға мүдделі. Сонымен бірге қазіргі соңғы кездегі психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдаған кезде білім алушылардың құбылмалы әлеуметтік ортамен қатынас жасауға жете әзір еместігін, олардың алдарына қойылған әлеуметтік мәселелерді шешудегі құзыреттілігінің деңгейінің төмен екенін, өз күштеріне сенімсіз екендігін байқадық.

Бұл жағдайдың асқынуының бірінші себебі сол - әлеуметтендіру институттарының өскелең ұрпаққа позитивті ықпалының жетіспеуі сезіледі. Екіншіден, социумда ересектер қоғамының жас буынға қатысты орнататын және әлеуметтік институттарда жүзеге асырылатын нормалары мен ережелерінің тиімді қолданыстағы жүйесі бұзылған. Осы қарама-қайшылықтардың барлығы ішкі тартыстарға алып келеді, жас адамдарды белсенді әлеуметтік орнын алу мүмкіндігінен айырады, бұл бір жағынан, өмірлік тұтынушылық стратегияны, екінші жағынан, өз күшіне деген сенімсіздіктен және агрессиялылықтан көрініс табатын аномия күйін қарқындатады[2].

Жастардың кәсіби тұрғыдан танылу қажеттілігі, өзін-өзі көрсетуге, өзін жетілдіруге ұмтылуы қоғамда болып жатқан процестермен ғана ынталандырылмай, сонымен қатар әлеуметтік-кәсіби қатынастар жүйесінде өз орнын тауып-анықтауға деген әлеуметтік-педагогикалық қолдауды талап етеді.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту тұжырымдамасында кәсіби білім берудің негізгі мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жауапты, өз мамандығын еркін меңгерген және ұқсас салалардан хабардар, деңгейі мен кәсіби мамандану саласы тиісті талаптарға сәйкес келетін құзыретті білікті маман даярлау деп анықталған. Бұл тұрақты кәсіби өрлеуге, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастарға дайын ЖОО

түлегінің әлемдік стандарттар деңгейіндегі тиімді жұмысқа деген қабілеттілігіне кепіл болады, тұлғаның кәсіби білім алуға деген қажеттілігінің қанағаттандырылуын қамтамасыз етеді[2]. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда бұл мақсатқа қол жеткізудегі басты бағыт білікті кадрларды даярлаудағы құзыреттілікке бағдарланған тәсілдеме болып табылады. Осының нәтижесінде студенттердің социумға бейімделіп, әрекет етуіне көмектесетін, күрделі әлеуметтік-кәсіби ортасына кірігуіне көмектесетін мақсатқа лайықты даярлықтың тәсілдері мен құралдарын іздеу қажеттігі туындайды. Бұл тұрғыдан студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін дамыту қазіргі жоғары білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында жоғары кәсіби білім берудің қазіргі заманғы жүйесі мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделіне бағдарланған. Мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі аясындағы білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы «Білім беру туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстандық жол - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Нұрлы Жол - болашаққа бастар жол» Жолдауларына, Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына, ҚР БҒМ жоғары оқу орындарын дамыту жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттарына және стратегиялық жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады[3].

Жаңа әлеуметтік жағдайларда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту, кәсіби білім беру саласындағы құзыреттілік тәсілдемесін жасақтау және жүзеге асыру кәсіби білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу құралы ретінде қарастырылады. В.Д. Шадриков, И.А. Зимняя, В.И. Байденко, В.Н. Козлов, Ю.Г. Татур, А.И. Сурыгин, Ю.В. Фролов, А.А. Бодалёв, Д.А. Махотин, С.А. Маруев, Н.В. Кузьмина, Э.Ф. Зеер және басқа да ғалымдардың көптеген еңбектері осы тақырыпқа арналған.

Бастапқыда әлеуметтік құзыреттілік мәселесіне деген қызығушылық тілдік коммуникациялар теориясында, басқару социологиясы мен әлеуметтік психологияда пайда болды. Қазіргі таңда әлеуметтік құзыреттілік қазіргі заман адамының біріктірілген мінездемесі болып табылады және оның кәсіби іс-әрекеттегі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік өмірдің барлық салаларындағы маңызы арта түсуде.

Сонымен бірге ғылыми әдебиетті талдаған кезде көргеніміздей, әлеуметтік құзыреттілік мәселесін қарастыру жалпы және констатациялаушы сипатқа ие. Зерттеулерде әлеуметтік құзыреттіліктің маңыздылығы мен мәнділігі алға тартылып, тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар анықталған. Бірқатар еңбектерде зерттеушілер әлеуметтік құзыреттіліктің жекелеген аспектілерін, олардың әлеуметтік өзара әрекеттесу салаларындағы көріністерін қарастырған. «Әлеуметтік құзыреттілік» ұғымының түсіндірмелерінің көп болуы ғылыми тәсілдемелердің

зерттеушілер шешетін міндеттерге қатысты алуан түрлілігімен (жүйелік-құрылымдық, білімге бағытталушылық, мәдениеттанушылық, тұлғаға бағытталған іс-әрекеттік) байланысты.

Айталық, тұлғаның өзін-өзі табу, өзін сезіну, әлеуметтік белсенділігінің мәселелері көп зерттелген (К.А. Абульханова-Славская, Б.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, А.В. Петровский, Н.К. Поливанова, Г.А. Цукерман); бозбалалардың тұлғалық дамуының жекелеген кезеңдері, бөліктері мен аспектілері теориялық талдамасы әртүрлі әдіснамалық тұрғылардан жүргізіліп, негізделген (Г.С. Абрамова, Л.И. Божович, Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, А.Н. Леонтьев, В.С. Мухина, А.В. Петровский, В.И. Слободчиков, Д.И. Фельдштейн, Д.Б. Эльконин, Ш. Бюлер, Э. Шпрангер, Ж. Пиаже, Э. Эриксон); тұлғаны әлеуметтендіру, әлеуметтік бейімдеу процестері мәселелері зерттелген (Г.М. Андреева, И.С. Кон, А.К. Маркова, А.В. Мудрик, Т. Крон).

Ғылыми әдебиетке талдау жасағанымызда, құзыреттілік тәсілдемесіне арналған зерттеулер (А.Н. Афанасьев, В.И. Байденко, И.А. Зимняя), коммуникативтік құзыреттілік (Ю.М. Жуков, Ю.Н. Емельянов, Л.А. Петровская), кәсіби құзыреттілік (А.С. Белкин, А.А.

Бодалев, А.А. Деркач, Э.Ф. Зеер, Е.А. Климов, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, В.В. Нестеров, Д. Равен, В.А. Сластенин, М.А. Чошанов) және ересек адамның әлеуметтік құзыреттілігінің мәселелері (М. Аргайл, Е.В. Коблянская, В.Н. Куница, Ю. Мель) ғылымда бұрыннан бері қарастырылуда және нәтижелері зерделенген, ал оқушылардың әлеуметтік құзыреттілігін дамыту мәселесі ХХ ғасырдың аяғынан бастап қана жасақталуда. Бұл мәселе пәнаралық сипатқа ие және философиялық, әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық деңгейлерде зерттеледі.

Оқушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру аспектілері бойынша оларда оқытудағы сабақтастық мәселесі қарастырылып, кәсіби даярлықты оңтайландыру қажеттігі негізделген (А.Н. Андриянчик, Л.Х. Махметова, С.А. Смирнова және басқалары), психологиялық-педагогикалық ерекшеліктердің студенттердің кәсіби өзін-өзі табу динамикасына ықпалының факторлары анықталған (А.Б. Каганов, Т.В. Кудрявцев), жастардың мотивациялық саласын дамытудың негізгі бағыттары зерттелген (Л.И. Божович, Р.С. Вайсман, Р.Х. Шакуров және басқалары).

Ғылыми-педагогикалық әдебиетті және кәсіби білім беру жүйесіндегі кәсіби іс-әрекет тәжірибесін талдау көрсеткендей, жоғары оқу орны түлектерін кәсіби даярлаудағы әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру теориясы мен әдістемесінің сана мен ойдың әртүрлі құрылымдық деңгейлерінде дамуы жеткіліксіз болып шықты. Сондықтан кәсіби орта критерийлері мен қазіргі білім беру парадигмасы негізінде колледж түлектерінің әлеуметтік құзырлылықтарын қалыптастыру теориясын, принциптерін және әдістемесін дамыту қажет.

Әлеуметтік құзырлылық - адамға қоғамдағы өмірдің нормалары мен ережелерін тиісті түрде орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер). Әлеуметтік құзыреттіліктің негізін қоғам, ондағы мінез-құлық ережелері мен тәсілдері туралы білім құрайды. ЖОО студенттері үшін қоғам алыс (әлем, ел) және жақын (отбасы, ЖОО, құрбылары) орта (айналадағылар) болып бөлінеді. Оның әлеуметтік құзыреттілігі оның осы орталар туралы хабарының қаншалықты екендігімен айқындалады. Бұл жерде әңгіме әлем, ел, олардағы әлеуметтік институттардың ерекшеліктері, мектеп, отбасы туралы ғана емес, сонымен қатар адамдардың өзара қарым-қатынастары, дәстүрлер, мінез-құлық нормалары мен ережелерінде болып тұр. Сондықтан әлеуметтік

құзыреттілікті дамытудың маңызды жолдарының бірі студенттердің бойында осы орталардың әрқайсысындағы мінез-құлық және өзара әрекеттесу тәсілдері туралы білімді дамыту болып табылады.

Әлеуметтік құзыреттіліктің құрылымындағы әлеуметтік білім, білік және дағдылар жиынтығына көңіл бөле отырып, айта кететін жайт, бұл жиынтық өздігінен әлеуметтік құзыретті мінез-құлықты қамтамасыз ете алмайды. Құзыреттілік дегенді білім мен жағдаят арасында байланыс орнату біліктерінің жиынтығынан да кеңірек мағынада, осы мәселеге сәйкес келетін рәсімді анықтауға деген қабілеттілік ретінде қарастыру қажет.

Ғалымдардың еңбектеріне талдау жасаған кезде байқағанымыз, оқу орны түлектерін кәсіби даярлаудағы әлеуметтік құзырлылықты қалыптастыру мәселесінің талап етілетін шешімі кәсіби дағдылар мен рухани мәдениетті қалыптастырушы педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл мәселе оқу үрдісіне әлеуметтік-кәсіби құзырлылықтың енгізілуін ескере отырып, оқу үрдісінің мазмұны мен құрылымын оңтайландырумен бірге шешіледі. Біздің ойымызша, бұл жағдайдағы ең оңтайлы технология топтық оқу жұмысы болып табылады[4].

Қазіргі таңда ҚР «Білім беру туралы» Заңына сәйкес жоғары кәсіби білім беруді дамыту туралы түсінік айқындалды, яғни ол әлеуметтік саланың білім беру секторында жүйе түзуші, басымдыққа ие рөлді атқаруы тиіс. Қазіргі құбылмалы ақпараттық қоғамда кадрларды оқытудың уақыты мен біліктілігінің деңгейіне жоғары талаптар қойылады, білім беру жүйесін жаңғырту қажеттігі туындады. Білім беру кез-келген уақытта және кез-келген мамандық бойынша білім алушылар үшін қолжетімді болуы тиіс. Социум сұраныстары мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес білім беру қызметтерінің аясын кеңейту қажет[2].

Мамандарды даярлау құзыреттілік моделін құруды тиімді басқару келесілерді қамтиды:

- білім, білік, дағдылардың, сондай-ақ өнімді оқу іс-әрекеті тәсілдерінің жалпы әлеуметтік және тұлғалық маңыздылығы;
- мінез-құлықтық және бағалаушылық критерийлер жүйесіндегі кәсіби-тұлғалық қалыптасу мақсаттарын айқындау;
- тұлғаның әлеуметтік дамуының негізі болып табылатын басымдыққа ие әлеуметтік құзыреттіліктерді анықтау;
- ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениетке негізделетін мағыналық бағдарлар жиынтығы ретінде әлеуметтік құзырлылықты қалыптастыру;
- студенттерде әлеуметтік құзыреттілік пен адамгершілікті тиімді қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарының кешенін құру;
- студенттерде алдағы кезеңдегі әлеуметтік-кәсіби іс-әрекетке деген мотивацияны қалыптастыру;
- жағымды оқу әлеуметтік-кәсіби орта мен жоғары оқу орнында оқуға деген эмоциялық жағымды қатынасты туғызу;
- білім, білік, дағды сапасын кешенді бағалау және оларды кәсіби іс-әрекет тәжірибесінде практикалық пайдалану жүйесін құру.

Жүйелі міндеттерді шешу әдіснамасы мен жоғары оқу орны түлегінің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында әлеуметтік-бағдарлы құзырлылыққа оқытуды ұйымдастыру білім беру жүйесін реттеп отыруға және қоғамдағы әлеуметтік үрдістерге ықпал жасауға мүмкіндік береді. Жоғары кәсіби білім беру жүйесін оңтайландыру

әлеуметтік-мәдени және өндірістік ортадағы оқу орны түлегінің құзыреттілігінің моделін детерминдейді[5].

Шешілмеген мәселелер қатарына тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігінің мазмұны және оның бозбалалық кезеңдегі даму ерекшеліктерінің мәселелері жатады, студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін жоғары оқу орнындағы әртүрлі сатыларда дамытудың психологиялық негіздемесін нақтылауды талап етеді. Оқу үрдісінде студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін дамытудың тиімді шарттарын, механизмдері мен құралдарын іздеуге байланысты мәселелер өзекті болып қала береді. Қазіргі таңда басымдыққа ие міндеттерге әлеуметтік құзыреттілікті тиімді дамытуға алып келетін оқытушы мен студенттер арасындағы өзара әрекеттесуге септігін тигізетін педагогикалық технологияларды жасақтау және оларды білім беру практикасына енгізу жатады. Бұл зерттеу өзектілігінің ғылыми-теориялық деңгейін анықтайды.

Қазіргі заманғы педагогикалық зерттеулердің басым бөлігі (М.Д. Виноградова, В.К. Дьяченко, Х.Й. Лийметс, И.Б. Первин, Е.С. Полат, А.Ю. Уваров, Г.А. Цукерман, Г. Гудьонс, Д. Данн, Т. Дигитц, А. Ленцен, Э. Мейер, Х.С. Розенбуш, Г.Г. Херманн, И. Швердфегер) тұлғаны дамытуға арналған топтық оқу жұмысының әлеуетін зерттеуге бағытталған. «Студент-студент» жүйесінде оқытудың ұйымдастырушылық формасы ретінде ол өзіндік бағаны арттыруға, топта жұмыс жасай білу, жанжалдарды, қиындықтарды бітіммен шеше білу, өз пікірін қорғай алу, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді атқара білу дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізетін жетістіктерді мотивациялаудың мол мүмкіндіктерін ұсынады, басқа сөздермен айтқанда, әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға көмектеседі.

Интерактивті оқыту бойынша зерттеудің маңызы ерекше (Л.К. Гейхман, Д.Н. Кавтарадзе, Л.И. Корнеева, Е.В. Коротаева), оларда бірлескен жұмыс бастамашылдықты, өз пікірін қорғай білу, белгілі бір күрделі жағдайлардан жол табу қабілеттілігін дамытудың маңызды шарты болып табылады[6].

Бұл жұмыстарда топтық жұмыстың студенттердің білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратыны дәлелденген. Сонымен қатар зерттеушілер топтық оқу жұмысының дос пейілді, емін-жарқын, ашық ахуал қалыптастыруға, өзіндік бағасын

көтеруге және студенттердің коммуникативтік біліктерін дамытуға, және сонымен қатар білім алушылардың психикалық саулығын қолдап отыруға ықпалы барын атап көрсеткен.

Дегенмен топтық оқу жұмысының оқытудың дәстүрлі және сонымен бірге инновациялық оқыту әдістерін ұштастыра отырып, барған сайын артып келе жатқан іргелі білім көлемі мен оқу уақытының шектеулі жағдайында жоғары оқу орнында білім алу барысында студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға қалай септігін тигізетіні туралы мәселе әлі жабулы күйінде қалып отыр. Бұл зерттеу өзектілігінің ғылыми-әдістемелік деңгейін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. - www.akorda.kz.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 бұйрық / «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз № 254-256.

3. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 17.01.2014 ж. - http://www.inform.kz/kz/kr-prezidentinin-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy_a2518877.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген.
5. Калинина Н.В. Психологическое сопровождение развития социальной компетентности школьников: автореферат дисс. канд. пед. наук. - Самара, 2006. - vak.ed.gov.ru/announcements/psiholog/KalininaNV.doc.
6. Слесарев Ю.В. Формирование нравственного компонента социальной компетенции у студентов. // Лидерство и профессиональное образование. - 2010. - №1. - Пенза, 2010. - Б. 14-19.

УДК 37: 001.89

РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ ЧЕРЕЗ ГРУППОВОЕ ОБУЧЕНИЕ

Джармухамбетова Г.З., Жумасейтова А.Е.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

***Аннотация:** В статье рассматриваются основные государственные приоритеты в профессиональной подготовке социализированных кадров, компетентный подход в современном профессиональном образовании, научно-теоретические подходы к исследованию проблемы развития социальной компетентности у студентов посредством групповой работы.*

***Ключевые слова:** компетентность, социальная компетентность, групповое обучение, развитие, социальная среда, социальные навыки, коммуникативная компетентность, профессиональная компетентность.*

ӘӨЖ 373.2(075.32)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АТА-АНАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Джонисова Г.Қ., Жұмабекова К.А.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың мақсаты, міндеттері, атқаратын қызметі қарастырылады. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыс формаларының сипаттамасы мен күтілетін нәтиже баяндалады.

Негізгі сөздер: отбасы мен балабақша ынтымақтастығы, педагогикалық және психологиялық сауаттылық, әлеуметтік дамытушы орта

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартында: ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топтардың педагогикалық процесіне тарту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасының өзара іс-әрекетін қамтамасыз ету қажеттілігін ұсынады. Сондықтан баланы тәрбиелеу, дамыту және білім беру мәселелерінде отбасы мен балабақша ұжымының бірлескен өзара тығыз байланысы қажет. Балабақша және отбасы ажырамас тәрбиелік орта болғандықтан, тәрбиелік қызметі зор. Мектепке дейінгі қызметкерлердің басты мақсаты - жеке тұлғаны қоғамдық өмірге қалыптастырып, баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасы, балабақшамен тығыз байланысты.

Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланып, балабақшамен байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын мектепке дейінгі ұйымдармен өзара тығыз іс-әрекет негізінде арттырудың маңызы зор. Отбасындағы тәрбие мақсатына субъективтік рең беретін нәрсе ол әрбір ата-ананың өз баласын қандай етіп өсіргісі келетіндігі жөнінде түсінігінің болуы. Мұнда баланың жеке ерекшеліктері және бейім қабілеттері назарға алынады. Отбасылық тәрбиелеудің басымдылығын тану дегеніміз – отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің жаңа қарым – қатынасын талап етеді. Бұл қарым-қатынастың жаңашылдығы «ынтымақтастық» және «өзара қарым-қатынас» деген түсініктермен анықталады [1].

Жекелеген нақты отбасыларындағы тәрбие мақсатын анықтауда ата-аналар балалардың жеке және жас ерекшеліктері туралы, олардың даму тенденциялары кезеңіндегі ерекшелігі туралы біліктік түсініктердің болмауы салдарынан қателіктерге ұрынып, тығырыққа тіреледі. Сондықтан ата-аналар кәсіби маманданған педагогтармен жиі ақылдасып, бала тәрбиесінде көмек алып отыруы қажет. Егер де тәрбиелеу күштері қалыптаспаса және бір-біріне қарама-қайшы келсе, онда бала психикалық қысымға тап болады. Отбасындағы баланың әдепті де өнегелі етіп тәрбиелеу мәселелері М.Жұмабаевтың «Педагогика» деп аталатын еңбегінде де айқын жазылған. М.Жұмабаев жан-жақты баланың жетістіктерінің психологиялық мәселелеріне кеңінен тоқтала отырып, ата-аналармен тәрбиешілерге балалардың ересектерден ерекшеліктерін біліп, ескере отырып тәрбиелеуін ұсынады. Соңғы кездерде баланы отбасында тәрбиелеудегі үлкен қиыншылықтар өмір шындығынан алынған нақты дәлелдер негізінде жазылып жүр. Кейбір отбасында тосыннан ата-анасының сорына, жалқау, өтірікші, қомағай

балалар, ұятсыз қылықтарға, бұзақылыққа бейім, адамшылық қасиетке жат басқа да қылықтар істейтін балалар өсіп жүр. Баланы отбасында тәрбиелеу үрдісінде ата-аналарға кездесетін толып жатқан сан алуан қиындықтарды жеңу жолдарымен құралдарын көрсету үшін солардың кейбіреуін алуға болады [2].

Педагог ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасындағы өнегеге байланысты екенін білеміз. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - деген қазақ халқының мақалы осы жерде орынды болар. Ата-аналар өз баласын нашар білетінін әрдайым мойындай бермейді. Отбасындағы тәрбиелеу тәсілдері баланын жеке қасиеттеріне, оның ересек адамдар тарапынан жасалатын әртүрлі ықпал әсерлерін қалай қабылдайтынына қарай қолданылатын болуы тиіс. Тек қана балабақша мен ата-аналардың тәрбие мәселелерін жұмылдыра, бірлесе шешуі және оқу-тәрбие процесіне отбасыларды белсенді қатыстыру барысында ғана, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеудегі қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жетеді.

Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен бірлескен жұмысын ұйымдастыру төмендегідей мақсатты көздейді:

- ата-аналармен бірлесе отырып баланың тұлғасын дамыту;
- бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру;
- балардың өмірін қорғау және денсаулығын сақтау үшін қолайлы жағдай жасау;
- баланың тұлғалық әрекетінің дамуы үшін отбасымен бірге эмоционалды жағдай

туғызу;

- психологиялық жағынан кедергісіз жетілуін қамтамасыз ету;

отбасының тәрбиесін, әдептерін, дәстүрлерді сақтауын ескере отырып, балаларды әлеуметтік ортаға қарым-қатынас мәдениетімен таныстыруға ықпал жасау [3].

Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен ынтымақтастығын жүзеге асырудың негізгі міндеттері:

- тәрбиешінің топ ата - аналарының құрамын зерттеуі;
- ата – аналармен тұрақты байланыс орнату;
- ата – аналар ұжымын құру;
- ата - аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып

отыру;

- үштік одақ (бала, ата – ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру.

Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен ынтымақтастығының атқаратын қызмет:

- ата - аналарды топтағы оқу - тәрбие процесінің мазмұны және әдістемесімен

таныстыру;

- ата – аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын

ұйымдастыру;

- отбасы тәрбиесі туралы ата - аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес

беру;

- ата - аналар белсенділерімен жұмыс жүргізу және әр түрлі қоғамдық

ұйымдармен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуін қауымдастыру.

Мектепке дейінгі ұйымның ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс - шараларға ата - аналарды тарту.

Мектепке дейінгі мекеме педагогтары мен ата-аналардың өзара сабақтастығы мен серіктестігін мынадай жұмыс бағытында іске асыруға болады: - педагогикалық және

психологиялық сауаттылықты жетілдіру; - іс-әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу, әртүрлі үйірмелер, клубтар) және қосымша қызмет көрсету; - балалардың шығармашылық жоспарларын іске асыруға жағдай жасау; - қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу; - әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету. Педагогикалық-психологиялық сауаттылықты жетілдіру. Ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту арқылы бала тәрбиесінің мақсат, міндеттерінің түсінуіне, бала тәрбиесін ойдағыдай іске асыруына ықпал етеміз. Ата-ана баланың мүмкіндігін ескеру, сонымен қатар кідіріс те болдырмау керектігін түсінеді. Ата-аналардың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтайтын жағдайлардың кешені өз деңгейінде болу қажет. Олар отбасының тұрмыстық жағдайы, құрылысы және отбасы мүшелерінің саны, психологиялық жағдайы, мәдени білім деңгейі, ата-ана өнегесі.

Отбасымен бірлескен іс-әрекеттің түрлі формаларын ұйымдастыру. Ата-аналарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатыстырудың маңызды нәтижесі ата-аналар өз балаларының оларға тән емес ортадағы қылығын, оның басқалармен қалай араласуын, білім деңгейін, құрдастарының оған деген қарым-қатынасын зерттей алады. Өз баласының дамуы басқалардан артта қалған жоқ па, балабақшада ол үйдегідей емес, өзін басқаша ұстауын еріксіз салыстырады. Бәрін мен дұрыс істеймін бе, неге менде тәрбиелеудің өзге нәтижесі қалыптасқан, неге үйрену керек деген рефлексік қызмет «іске қосылады». Сондай-ақ, жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата-аналар заман талабына сай өзекті мәселерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата-аналардың ұсыныс –тілектерімен санаса отырып ата-аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ-жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата-аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс-тәсілдері қарастырылады. Балалардың шығармашылық жоспарларын іске асыруға жағдай жасау. Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дұрыс бағытта дамыту үшін олардың жас ерекшеліктері мен нақты дара ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастыру қажет. Балаларға арналған көркем шығармалар баланы шынайы болмысты нақты әрекетімен таныстыра отырып, оны көркемдеп баяндап баланың сөздік қорын молайтып, тілін байытамыз. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнерімен жалпы топтық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінен тыс уақыттарда шұғылдана алады. Барлық білім салалары бойынша іске асыруға болады. Балалардың логикалық ойлау қабілеті, интеллектуалдық дарындылығы, есте сақтау қабілеттері түрлі логикалық, сенсорлық ойындар арқылы баланың шығармашылық қабілеті дамып, ақыл-ой белсенділігі арта түседі. Шығармаларды, ертегілерді, әңгімелерді еске түсіріп сөйлеу шығармашылығын дамыта отырып, театрлық көрсетулер ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар, ата-аналармен жүргізілген жиналыстарда балалардың жұмыстарынан көрме жасақтау, ата-аналармен біріге отырып қуыршақ театрлары мен ертегілерді бірігіп сахналау да тиімді болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу. Бұл бағыттағы ата-аналармен мейілінше кең тараған жұмыстардың бірі ол ашық есік күні. Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен, тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге

жинау т.с.с.) немесе әдіске ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. Әңгімелерді жеке дара, ұжымдық түрінде өткізуге болады. Бұл екі жағдай да, нақты міндет: нені анықтау қажеттігі, немен көмектесуге болатыны белгіленеді, ата-аналардың пікірлерін де тыңдаймыз. Ата-аналар конференциясы. Конференцияның негізгі мақсаты -отбасылық тәрбиелеудің тәжірибесімен бөлісу. Конференцияны мектеп жасына дейінгі мекеме балаларының, қызметкерлерінің, отбасы мүшелерінің бірлескен концертімен аяқтауға болады.

Әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке даралығын дамытуға отбасы мен мектеп жасына дейінгі мекеменің дәстүрлі емес өзара іс-әрекеті бірлігінің педагогикалық принципі негізінде жүзеге асыруда байқауға болады. Тәрбиешілердің, қоғамдық ұйымдардың және отбасының ұрпақты тәрбиелеуде бірлесіп қоян-қолтық жұмыс істеуін талап етеді.

Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балаларының балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізілуі қажет. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, психологтың тренингтері, пікірталас кештері, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ортақ мәселелерді бірге шешуге тырысады. М. Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең алдымен әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек» - дейді. Осы тұжырымға сүйене отырып ата-аналармен бірлескен жұмыс түрлерінің кешенін қарастырамыз. Атап айтар болсақ, дәстүрлі ата-аналар жиналыстарымен бірге «Балаға көркемдік тәрбие беру», «Әр жастағы ата-аналардың психологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы лекторийлер, ойын-сауық кештері, ата-аналарға арналған сауалнамалар, басқа шаралар ұйымдастырылып отырады. Топтағы қабылдау бөлмесінде ата-аналар бұрышы жасалған. Онда «Білгенге маржан», «Қауіпсіздік ережесі», «Ата-аналарға кеңес», «Кел жаттайық бәріміз» деген бұрыштар бар. Мысалы: ата-аналармен бірлесіп ұйымдастырылған «Менің отбасым» газетінде баланың сәбилік шағынан, ересек жасына дейінгі және ата-анасы, туыскандарының фото суреттері жапсырылған. Бұл газеттер арқылы балабақша мен отбасы арасындағы байланыс, ынтымақтастық нығая түседі, балаға деген ата-ана жауапкершілігі артады, ата-аналар бала тәрбиесіне педагогпен тығыз қарым-қатынаста болады. Бір сөзбен айтқанда отбасы мен балабақша бірінің бастаған игілікті ісін екіншісі жалғастырады, толықтырады.

Әр ата-ананың бала бақшадағы болып жатқан іс-шараларға деген қызығушылық білдіруі де әр қалай. Ата-аналарға ойын жаттығулардың және әр түрлі байланыстырып сөйлеуге, сөздік қорын дамытуға арналған тапсырмалардың жазбаларын үйде баласымен математика, тіл дамыту үшін ұсынамыз. «Сөзді кішірейтіп айт», «Көне сөз іздейік», моншақтан жасалған әріптерден сөздер құрастыру. Осы ойындарды ойната отырып, ата-ана өзін балаша сезінгенін айтады.

Ата-аналармен жүргізілген әңгіме-кеңесте бала тәрбиесі мәселесінде ата-ананың жауапкершілігі зор екендігі, баланың отбасында адам баласына тән қасиеттерге дағдыланып ұяда көргенінен өнеге алатындығы сөз болды. «Азамат боп мен ертең, Отанға қызмет етем» - атты ашық сабақ өтті. Бұл сабақта балалар патриоттық сезімдерін тәрбиелеу туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, әскердегі борышын өтеуге дағдыландыру мақсаты болды. Ата-аналармен жұмыс – ашық есік күні, конференциялар, спорттық жарыстар, шығармашылық есеп беру концерті.

Мектепке дейінгі ұйымдағы ата-аналармен бірлескен жұмыста күтілетін нәтиже:

- Бала өміріне қолдау жасау;
- Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін түсіну;
- Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау;
- Ата - ананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайтады;
- Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту;
- Ата – аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу [4].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. «1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасының мазмұнының базалық минимумы». – Астана қ., 2004.
2. Ф.Н.Жұмабекова.Мектепке дейінгі педагогика. -Астана. Фолиант,2008.
3. Аугалипова У.И. Психолого-педагогические основы взаимоотношений детей дошкольного возраста в семье. Диссертация кандидата психологических наук. Алмата 1999, -129с.
4. Родители и дети. Хрестоматия. – Самара: Издательский дом БАХРАХ-М, 2003.
5. Ключева Н.В. Психолог и семья: диагностика, консультации, тренинги. – Ярославль, 2001

УДК 373.2(075.32)

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ УСТАНОВЛЕНИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ С РОДИТЕЛЯМИ В ДОШКОЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ

Джонисова Г.Қ., Жұмабекова К.А.

Западно Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** В статье рассматривается цель и задачи, функций работы дошкольного учреждения с семьей. Описывается формы сотрудничества детского сада с семьей и ожидаемый результат.*

***Ключевые слова:** сотрудничество детского сада и семьи, психолого-педагогическая грамотность, социально развивающая среда*

УДК.373.1

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ ПЕДАГОГА

Донскова С.Н.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

***Аннотация:** Профессиональная идентичность имеет разные источники формирования. Свою роль в становлении профессиональной идентичности играют определенные ожидания и предпочтения, некие идеальные образы выбранной профессии*

и себя в ней у каждого человека. Утверждению переживания профессиональной идентичности способствует признание человека окружающими в качестве профессионала. Ключевыми составляющими профессиональной идентичности выступают профессиональная осведомленность и образовательно-профессиональная общность судьбы.

Ключевые слова: профессиональная идентичность, профессиональная осведомленность, профессионализм

В настоящее время в теории и практике профессионального развития педагога все больше ощущается необходимость нового осмысления сущности и смысла труда, специфики профессионального самоопределения. Современному обществу нужен педагог, способный изменять основу своей собственной деятельности. Диплома об окончании университета уже недостаточно, формируется запрос на самообучаемость и саморазвитие личности, а на первый план все чаще выдвигаются проблемы, связанные со становлением профессиональной идентичности педагога: переживание собственной профессиональной самоэффективности и уверенности в завтрашнем дне, ощущение неудовлетворенности трудом и взаимоотношениями в коллективе, определение вектора самосовершенствования и профессиональных перспектив, потребность в рефлексии и оценке своих отдельных действий и проявлений.

С изучением профессиональной идентичности и профессионального самосознания ученые связывают возможность решения многих проблем, возникающих в ходе профессиональной деятельности. Осознанная идентичность позволяет не только определить свое место в социальном мире, но и на этой основе развить систему ценностей и убеждений, адекватных требованиям современных социально-экономических условий и динамичного мира профессий. Сущность профессиональной идентичности Шнейдер Л.Б. видит в самостоятельном и ответственном построении своего профессионального пути, что предполагает высокую готовность смысловых и регуляторных основ поведения в ситуации неопределенности приближающегося профессионального будущего, готовность осуществлять личностное самоопределение, интегрироваться в профессиональное сообщество и формировать представление о себе как о специалисте [1].

Шнейдер в своих исследованиях исходит из таких теоретических посылок, при которых устойчивая профидентичность реализуется:

- через свой профессиональный опыт, свое дело, которое специалист умеет делать хорошо, результаты которого приносят ему и другим удовлетворение (успешная профессиональная ситуация);
- через отождествление (идентификацию) себя с профессиональной группой, которая оценивается позитивно, и дистанцирование (отчуждение) с другими профессиональными сообществами (успешные профессиональные отношения);
- через себя, раскрытие своего функционального потенциала, самоосуществление (позитивный образ профессионального «Я»).

Е.П. Ермолаева исходит из того, что профессиональная идентичность – это продукт длительного личностного и профессионального развития, который складывается только на достаточно высоких уровнях овладения профессией и выступает как устойчивое согласование основных элементов профессионального процесса, а именно, согласование реальных и идеальных профессиональных образов «Я» [2].

С точки зрения данного автора, профессиональная идентичность выступает регулятором, выполняющим и стабилизирующую и преобразующую функции. Основная стабилизирующая функция профессиональной идентичности — это обеспечение необходимой степени профессионального центризма и устойчивой профессиональной позиции. Преобразующая функция профессиональной идентичности зависит от:

1) диапазона изменения профессионально важных качеств и степени идентификации себя с профессией (возможности хорошей адаптации выше у людей с широкой идентификацией);

2) дистанцирования образа своей профессии от других, профессиональная самоизоляция затрудняет адаптацию в изменившихся условиях и "наведение мостов" при переходе в иное профессиональное пространство;

3) системности или "рыхлости" структуры идентичности. Все это обеспечивает возможность и преобразования и саморазвития профессионала.

Исследователи данной проблемы подчеркивают, что формирование профессиональной идентичности — очень сложный процесс, который не всегда осознается человеком. Так, Климов Е.А. отмечает, что этот процесс у современного профессионала зачастую носит слабо осознанный характер и это замедляет формирование целостного представления человека о своей роли в профессиональном процессе, без которого невозможно понимание своего места в профессиональной среде и достижение уровня профессионального мастерства [3].

Если углубиться в психологию личности, то можно заметить, что профессиональная идентичность проявляется на эмоциональном и поведенческом уровнях:

- на эмоциональном уровне в структуре профессиональной идентичности происходит ситуативное самоопределение, отражающее предпочтения в работе с определенным типом учеников и определенным типом проблем, выбор определенных способов и средств, формируется эмоционально-оценочное отношение к профессиональным убеждениям и знаниям, к самому себе как "деятелю";

- на поведенческом уровне возможно рассмотрение профессиональной идентичности как результата процесса решения профессиональной значимых проблем и задач. При этом каждое принятое решение по поводу себя и своей профессиональной деятельности относительно взаимодействия и отношений с другими людьми в поведенческом плане будет выражено в форме поступка [4].

Эмоциональная составляющая профессиональной идентичности существует в силу того, что ее когнитивная составляющая не воспринимается человеком безразлично, а пробуждает в нем оценки и эмоции. Оценочная интенсивность зависит от контекста и от самого когнитивного содержания. Источником эмоциональных значений различных представлений человека о себе могут являться реакции других значимых людей на какие-то его проявления и самонаблюдения. Эмоциональная профессиональная идентификация совершается, главным образом, в процессе профессионального общения. Единство действий всех участников, единая цель и способ ее реализации в ситуации, когда все оказываются в равном положении, объединяют участников между собой и актуализируют идентификацию.

Таким образом, профессиональная идентичность — это сложное образование, в котором традиционно выделяют три компонента [5]:

1. Когнитивный (знания об особенностях своей группы и осознание себя ее членом);
2. Ценностный (оценка своей группы и отношение к членству в ней);
3. Эмоциональный (принятие либо отвержение своей группы).

Рассматривая понятие профессиональной идентичности важно отличать его от понятия профессионализма, признаками которого являются состояние мотивационной и операциональной сферы. Если понимать профессионализм как выраженность мотивационной и успешность операциональной сферы человека, то его следует включать в качестве составной части профидентичности, но если рассматривать профессионализм в контексте личностного самоопределения и жизненных перспектив, то понятия «профессионализм» и «профидентичность» оказываются вполне соотносимыми.

Формирование профессиональной идентичности происходит в процессе профессионализации. Понятие "профессионализация" чаще всего понимается как овладение человеком системой профессиональных знаний, умений, навыков, как непрерывный процесс профессионального развития человека с момента выбора профессии до прекращения активной трудовой деятельности. Профессионализацией является процесс становления профессионала, включающий в себя выбор человеком профессии с учетом своих собственных возможностей и способностей, освоение правил и норм профессии, формирование и осознание себя как профессионала, обогащение опыта профессии за счет личного вклада, развитие своей личности средствами профессии [6].

Формирование профессиональной идентичности происходит в процессе профессионализации параллельно с процессами профессионального самоопределения и становлением профессиональной идентичности в условиях выполнения профессиональной деятельности. Таким образом, какое бы определение идентичности мы не взяли, видно, что субъективное осознание ее наличия обеспечивается умением личности относить себя к той или иной профессиональной системе, способностью личности выступать в различных профессиональных ролях, сохраняя при этом свою уникальность. На основе анализа различных подходов мы можем рассматривать профессиональную идентичность, как результат процессов профессионального самоопределения, персонализации и самоорганизации, проявляющийся в осознании себя представителем определенной профессии, и отражающийся в самоописаниях человека, его переживаниях, оценках и в поведении.

Список литературы:

1. Шнейдер, Л.Б. Профессиональная идентичность: теория, эксперимент, тренинг: Учеб. пособие/Л.Б. Шнейдер. — М.: Издательство Московского психолого-социального института, 2004.
2. Ермолаева, Е.П. Преобразующие и идентификационные аспекты профессиогенеза / Е.П. Ермолаева // Психологический журнал. — 1998. — Т. 19. — №4. — С. 80-87.
3. Климов, Е.А. Психология профессионального самоопределения/Е.А. Климов. - Ростов-на-Дону, 2010.
4. Вачков, И.В. Основы технологии группового тренинга. Психотехники: учебное пособие. — 3-е изд., переработанное и доп./И.В. Вачков. — М.: Издательство «Ось-89», 2005.

5. Абдуллаева, М.М. Профессиональная идентичность личности: психосемантический подход/ М.М. Абдуллаева// Психологический журнал. 2004. - Т. 25, №2.- С. 86-95.
6. Поваренков, Ю.П. Психологическое содержание профессионального становления человека/ Ю.П. Поваренков. М.: Изд-во УРАО, 2002.

ӘОЖ 373.1

Донскова С.Н.

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Кәсіби бірегейліктің әртүрлі қалыптасу көздері бар. Кәсіби бірегейліктің қалыптасуында өзінің рөлі белгілі бір үміттер мен артықшылық, таңдаған мамандығының мінсіз бейнелері және әрбір адамда өзін ойнайды. Кәсіби бірегейліктің уайымдауын бекіту адамды кәсіби маман ретінде қоршаған деп тануға ықпал етеді. Кәсіби бірегейліктің негізгі құрамдас бөлігі Кәсіби хабардарлық және тағдырдың білімдік-кәсіби ортақтығы болып табылады.

Негізгі сөздер: кәсіби сәйкестік, кәсіби хабардарлы, кәсіпқойлық

ӘОЖ 77.01.39

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУМЕН АЙНАЛЫСУДЫҢ АҒЗА ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ӘСЕРІ

Жаскайратов А. Ж.

Батыс Қазақстан инновациялық-технология университеті, Орал қ.

Аннотация: Спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» немесе «бірінші байлық-денсаулық», - деп бекер айтпаған. Бірақ, осы нақыл сөздің салмағын, жүктер жасаукершілігін сезінбейтін де, мойындамайтын да сыңайлымыз.

Негізгі сөздер: салауатты өмір сүру, спорт, денсаулық

Жүрек-қан тамырлары жүйесі. Жаттықпаған адамның жүрегі тыныш күйінде бір соғысында қолқаға 50-70 мл қан шығарады, минутына 70-80 рет соққанда 3,5-5 л. дейін. Жүйелі дене жаттығулары жүрек қызметін күшейтеді де, қан шығаруды тыныш күйінде 90-110 мл. дейін, үлкен физикалық жүктеме кезінде 150, тіпті 200 мл. дейін жеткізеді. Жүрек соғысының жиілігі 200ге дейін, тіпті одан да көпке көтеріліп, сәйкесінше минутына 25л., кейде 40 л. дейін артады. Осылайша спортшының жүрегі он есе артық қуатқа ие болады.

Жаттықпаған үлкен адамның жүрек соғысының жиілігі тыныш күйде әдетте минутына 72-84 рет, ал тыныш күйде жаттыққан спортшының жүрегіне барикардия тән, яғни жүрек соғысының жиілігі минутына 60-тан аз (кейде 36-38 дейін).

Мұндай қызмет режимі жүрек үшін пайдалы, өйткені демалыс уақыты (диастола) ұзарады. Осы уақытта артериалды қан оттекке қанығады.

Басты ерекшелік мынада: жеңіл жүктеме кезінде жаттықпаған адамның жүрек соғысының саны артады, ал спортшының жүрегі екпінді қан шығаруын жоғарылатады, яғни үнемді жұмыс істейді.

Әрине, жүрек қуаттылығын он есе арттыру экстремалды жағдайларда тамыр жүйесінің қызметіне әсер етпей қоймайды. Бірақ жаттыққан адамда жүрек төзімділігінің үлкен қоры болады. Үлкен дене жүктемесі кезінде спортшылар мен жаттыққан адамдарда максималды қан қысымы 200-250 мм. с.б. артуы мүмкін, ал минималды 50 мм. с.б. түсуі мүмкін.

Үлкен дене жүктемесінде қан қысымы жоғарылайды және ағзада айналымдағы қан көлемі орташа есеппен 1-1,5 л, ал жалпылай 5-6 л жетуі мүмкін. Қанның өзіндік резервті сыйымдылықтарына ие бауыр, талақ және өкпеден толықтырылып тұрады. Сәйкесінше таралушы эритроциттердің саны артады, соның нәтижесінде қанның оттекті жүргізу қабілеті жоғарылайды.

Жұмыс істейтін бұлшықеттердегі қан айналымы он есеге артады, сондай-ақ қызмет атқаратын капиллярлардың саны да көп есеге дейін ұлғаяды. Оттек арқылы зат алмасу қарқындылығы он есеге артады.

Аталған сандар тек жүйелі жаттығулар арқылы қол жеткізуге болатын жүрек-қан тамырлары жүйелерінің үлкен анатомиялық және функционалдық қорларын көрсетеді.

Егер жүрек қанды айдап, оның барлық дене талшықтарына жеткізілуін қамтамасыз ететін сорапты еске түсірсе, ал өкпе сол қанды оттеппен толтырып, тыныс алу аппаратын қалыптастыратын тыныс алу жүйесінің негізгі органы саналады. Мысалы, спортшыларда өкпенің өмірлік сыйымдылығы 7 л. және одан да көп құрайды. Спорттық дене жүктемелері өкпедегі альвеолдардың санын арттырып, оның қорын көбейту арқылы тыныс алу аппаратын жетілдіреді. Спортшыларда альвеолдың саны жаттықпаған адамға қарағанда 15-20%-ға артатыны анықталған. Бұл айтарлықтай анатомиялық және функционалдық қор.

Баскетбол және шаңғы спорты бойынша еліміздің құрама командаларының дәрігерлері 8,1 және 8,7 л. тең көлемді тіркеген. Әрине спортшылар жастайынан жақсы физикалық қабілеттері бар адамдар, бірақ дене жаттығулары кез келген ағзаны дамыта алады.

Максималды дене жүктемесі кезінде тыныс алу жиілігі минутына 50-70-ке дейін, ал минуттық тыныс алу көлемі 100-150 л. дейін, яғни тыныштық күйдегі жағдайды 10-15 ретке дейін арттыра алады.

Жақсы дамыған тыныс алу аппараты – клеткалардың толыққанды өмір сүруінің кепілі. Ағза клеткаларының өлуі оттектің жетіспеуінен болатындығы белгілі. Көптеген зерттеулер дәлелдегендей, ағзаның оттекті сіңіру қабілеті қаншалықты күшті болса, соншалықты адамның жұмыс істеу қабілеті де жоғары болады. Сыртқы тыныс алудың (өкпе, ауатамыр, тыныс алу бұлшықеттері) жаттыққан аппараты - бұл денсаулықты жақсарту жолындағы бірінші кезең.

Жүйелі дене жүктемелерін қолдану кезінде оттекті максималды сіңіру, спорттық физиологтардың айтуынша, орташа есеппен 20-30% дейін жоғарылайды.

Жаттыққан адамда сыртқы тыныс алу жүйесі тыныштық күйінде үнемді жұмыс істейді. Тыныс алу жиілігі минутына 8-10 дейін төмендейді және оның тереңдігі біраз артады. Өкпе арқылы өткен сол бір ауа көлемінен оттектің көлемі көбірек шығарылып алынады.

Бұлшық ет белсенділігі кезінде пайда болатын оттекке деген сұраныс өкпе альвеолдарының бұған дейін әрекетсіз болған қорлардың энергетикалық мәселелерін шешуге «қосады». Бұл жұмысқа қосылған талшықтың қан айналымының күшеюі және өкпе аэрациясының (оттекке толу) артуымен жүреді. Өкпені желдетудің жоғарғы механизмі оны қуатты етеді деп саналады. Қанмен дұрыс қамсыздандырылмайтын басқа нәзік учаскелеріне қарағанда физикалық күш түсіру кезінде жақсы «желдетілетін» өкпе талшығы ауруға қарсы тұруға қабілетті болады. Үстіңгі тыныс алу кезінде өкпенің төменгі жақтары газ алмасуға аз қатысады. Өкпе талшығының қан бармайтын тұстарында қабыну процестері жиі болады. Керісінше, қан көп құйылатын тұстары кейбір ауруларды емдеуге жақсы әсер береді.

Дәрігерлер спортшылар мен опера әншілері өкпе туберкулезі ауруымен ауырмайтынын айтады, бұған олардың өкпелерінің жоғарғы аэрациясы себеп.

Дене жүктемесі кезінде өкпе желдетуінің артуы диафрагма қозғалысы амплитудасының күшеюімен байланысты. Бұл факт басқа органдардың жағдайына да жақсы әсер береді. Кіру кезінде диафрагма жиырылып бауырды, ас қорыту мүшелерін қысып, олардан күре тамыр қанының кетіп, жүректің оң жақ бөлігіне құйылуына әсер етеді. Шығарда диафрагма артериалды қанның құрсақ қуысы органдарына толуын жеңілдетіп, оның сіңірілуі мен жұмысын жақсартып, жоғарыға көтеріледі. Осылайша, диафрагма ас қорыту органдары үшін қан айналымының көмекші органы саналады.

Дәл осы механизмді өзіндік жеңіл массаж ретінде санап, емдік дене тәрбиесі мамандары кейбір тыныс алу гимнастикасы жаттығуларын ас қорыту органдарын емдеу үшін ұсынады. Бұрыннан беру индиялық йога құрсақ қуысы органдарының кеселдері кезінде емдік қасиетін эмпирикалық анықтап, асқазан, бауыр және ішек ауруларын тыныс алу гимнастикасы арқылы емдеп жазады.

Дене жүктемелері спортпен айналысқан кезде ағзаның барлық жүйелеріне, соның ішінде бұлшықеттерге де жақсы әсер етеді.

Спортпен шұғылданудың бұлшықеттерге әсері.

Бұлшықеттер – қимыл аппаратының белсенді бөлігі.

Адам денесінде 600-ден астам бұлшықет бар. Олардың көбі жұпты және адам денесінің екі жағында да симметриялы орналасқан. Бұлшықеттер: ер адамдарда дене салмағының 42 %-ын, әйел адамдарда 35 %-ын, спортшыларда 45-52%-ын құрайды. Тегі, құрылысы, тіпті қызметі бойынша бұлшықет талшықтары біртекті емес. Бұлшықет талшықтарының негізгі қасиеті - жиырылу қабілеті. Қимылдауды қамтамасыз ету үшін бұлшықет талшықтарының элементтері созылған формасы болуы керек және тірек құрылымдарына бекінуі (сүйектер, шеміршектер, тері, біріктіру талшықтары және т.с.с.) керек.

Спорттың әр түрінде бұлшықетке түсетін жүктеме қарқындылығы жағынан да, көлемі жағынан да әр түрлі, онда статистикалық немесе динамикалық элементтер болуы мүмкін. Ол жай немесе тез қимылдармен байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты бұлшықеттердегі болатын өзгерістер де бірдей болмайды.

Спорттық жаттығу бұлшықеттің күшін, икемділігін, күш көрсету сипатын және басқа да қызметтік сапаларын арттыратыны баршаға белгілі. Кейде жүйелі жаттығу сабақтарына қарамастан бұлшықеттің күші төмендеп, спортшы бұрынғы жетістігін қайталай алмауы мүмкін. Сондықтан дене жүктемесі әсерінен бұлшықетте қандай өзгерістер болып жатқандығын, спортшыға қандай қимыл режимін ұсынған дұрыс: спортшы толық демалыста (адиномия) болуы, жаттығу процесіне үзіліс жасау,

қимылдарының көлемін азайту (гиподинамия) немесе жаттығуларды жүктемені біртіндеп азайту арқылы жалғастыру керек пе? Осы мәселелерді білу аса маңызды.

Спортшылардың бұлшықеттері құрылымындағы өзгерістерді жаттығу процесінде биопсия әдісі (ерекше әдіспен бұлшықет тілімін алу) арқылы анықтауға болады. Статистикалық сипаттағы жүктемелер бұлшықеттің көлемі мен салмағының артуына әкеліп соғатынын сараптамалар көрсеткен. Олардың сүйектерге бекінген үстіңгі жағы ұлғаяды, бұлшықеттік бөлігі қысқарады және сіңірлі бөлігі ұзарады. Бұлшықет талшықтары түктірек құрылымына қарай қайта орналасу процесі жүреді. Бұлшықеттің тығыз байланыстырушы талшықтарының саны бұлшықет пункттері арасында үлкейіп, қосымша тірек құрады. Одан басқа, байланыстырушы талшық өзінің физикалық қасиетіне қарай бұлшықетке күш түсуін азайтып, созылуға мейлінше қарсы тұра алады. Бұлшықет талшығының трофикалық аппараты күшейеді: ядро, саркоплазма, митохондрия. Бұлшықет талшықтарында миофибрилдер (жиырылу аппараты) бос орналасады, бұлшықет шоғырының ұзақ жиырылуы қан айналымын қиындатады, капиллярлы желі қатты дамиды.

Динамикалық сипаттағы жүктеме кезінде бұлшықеттердің салмағы мен көлемі артады, бірақ аз көлемде. Бұлшықеттік бөлігі ұзарады да, сіңірлі бөлігі қысқарады. Бұлшықет талшықтары параллелді орналасады. Миофибрилл саны артады, ал саркоплазмалар азаяды.

Бұлшықеттердің жиырылуы мен босаңсуы қан айналымын бұзбайды, капилляр саны артады, олардың жүруі бірізді болады.

Бұлшықеттерде динамикалық функцияны орындайтын жүйке талшықтарының саны статистикалық функция орындайтын бұлшықеттердегіге қарағанда 4-5 есеге артық. Қимыл түйіндері талшық бойымен созылады, олардың бұлшықетпен байланысы артады, бұл өз кезегінде бұлшықетке жүйке импульсінің жақсы түсуін қамтамасыз етеді.

Азайтылған жүктеме кезінде бұлшықеттер босаң болады, көлемі азаяды, олардың қылтамырлары тартылады, қимыл түйіндері кішкентай көлемде болды. Ұзақ гиподинамия бұлшықет күшінің айтарлықтай төмендеуіне әкеп соғады.

Біркелкі жүктеме кезінде бұлшықеттің көлемі үлкейеді, онда қан айналымы жақсарады, қосымша қылтамырлар ашылады. П.З. Гудзя бақылауы бойынша жүйелі жаттығудың әсерінен бұлшықет талшықтарының жуандауы (гипертрофия), сондай-ақ олардың санының көбеюі (гиперплазия) нәтижесінде бұлшықеттердің жұмыс гипертрофиясы орын алады. Бұлшықет талшықтарының жуандауы оларда ядролар мен миофибрилдердің артуымен байланысты. Бұлшықет талшықтары санының артуы үш жолмен жүзеге асады: жуандалған бұлшықет талшықтарының екі-үш және одан да көп жіңішке бөліктерге бөлшектенуі, бұлшықет бүйрегінен жаңа бұлшықет талшықтарының өсіп шығуы, сонымен қатар сателлит клеткаларынан бұлшықет талшықтарының қалыптасуы, олар кейін миобластқа, содан соң бұлшықет түтікшелеріне айналады. Бұлшықет талшықтарының бөлшектенуіне олардың моторлы жүйкеленуінің (иннервация) қайта құрылуы әкеп соғады, нәтижесінде қалыптан тыс ұлғайған талшықтарды бір-екі қосымша моторлы нерв түйіндері қалыптасады. Осыған орай бөлшектенгеннен кейін әрбір бұлшықет талшығы өз алдына жүйкеленеді. Жаңа талшықтарды қанмен қамсыздандыру аралық саңылаулар арқылы өтетін қылтамырлар бойынша жүзеге асады. Созылмалы шаршау орын алғанда жаңадан пайда болған бұлшықет талшықтарымен қатар бір мезгілде бұрыннан бар талшықтардың ыдырауы және жойылуы орын алады.

Мөлшерден тыс жаттығуда қозғалыс режимі айтарлықтай практикалық маңызға ие болады. Гиподинамия бұлшықетке кері әсер ететіні анықталған. Жүктемені біртіндеп азайту кезінде бұлшықетте жағымсыз жағдайлар орын алмайды. Динамометрия әдісін кең көлемде қолдану спортшыларда бұлшықеттің жекелеген топтарының күшін анықтап, топографиялық карта жасауға мүмкіндік берді.

Осылайша, шаңғышы-жарысушы және велосипедшілерге қарағанда хоккей және қол добы саласындағы мамандандырылған спортшылардың бұлшықеттерінің жоғарғы жақтарында (қардың, иықтың бүгілу, жазылу бұлшықеттері) күші көп болады. Иықтың бүгілу бұлшықеттерінде шаңғышылардың гандболшы, хоккейші және велосипедшілерге қарағанда күші көбіректігі байқалады. Хоккейшілер мен гандболшылар арасында бұлшықеттерінің жоғарғы тұстарында күш айырмашылығы аса байқалмайды. Бұлшықеттерін жазған кезде олардың күшін салыстырғанда мынадай көрсеткіштер анықталған: ең үздік көрсеткіш хоккейшілерде – 73 кг, гандболшыларда – 69 кг, шаңғышыларда – 60 кг және велосипедшілерде – 57 кг. Спортпен шұғылданбайтындарда бұл көрсеткіш тек 48 кг құрайды.

Спорттың әр түрімен айналысатындарда бұлшықеттің төменгі жақтарының күші де әр түрлі. Сирақтарының жазылу бұлшықеттері күшінің көлемі де әр түрлі: гандболшыларда – 77 кг, хоккейшілерде – 71 кг, шаңғышы-жарысушыларда аз – 64 кг, велосипедшілерде одан да аз – 63 кг. Жамбастарының жазылу бұлшықеттері күшін салыстырғанда: хоккейшілерде жоғары көрсеткіш (177 кг), ал гандболшы, шаңғышы және велосипедшілердің арасында аса айырмашылық жоқ (139-142 кг).

Әсіресе табанның бүгілу және кеуденің жазылу бұлшықеттерінің күштері арасындағы ерекшелік қызықты. Бірінші жағдайда кері итеруге, екіншісінде қалыпты ұстап қалуға мүмкіндік береді. Хоккейшілерде табанның бүгілу бұлшықетінің күші - 187 кг, велосипедшілерде – 176 кг, гандболшыларда – 146 кг. Кеуденің жазылу бұлшықетінің күші гандболшыларда – 184 кг, хоккейшілерде – 177 кг, велосипедшілерде – 149 кг. құрайды.

Бокста соққы беру сәтінде күш білек пен саусақтардың бүгілу бұлшықеттеріне түседі. Олар өз кезегінде буынның қаттылығын қамтамасыз етеді. Ұрыс кезінде кеуде тұсында үлкен жүктемені омыртқа жотасының жазылу бұлшықеттері түсіреді. Боксшыларда дененің төменгі жағында жамбастың бүгілу және жазылу бұлшықеттері, сирақтың жазылу және табандардың бүгілу бұлшықеттері өте күшті дамиды. Қардың жазылу, иықтың бүгілу, сирақтың бүгілу және табандардың жазылу бұлшықеттері айтарлықтай төмен дәрежеде дамыған. Бірінші салмақ дәрежесінен алтыншы дәрежеге ауысқанда боксшының қимылына қатысатын салыстырмалы «әлсіз» топтарына қарағанда бұлшықеттердің күштірек топтарының күшін арттыру көбірек орын алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.М.Амосов. Раздумья о здоровье. 1987, 87-89б.
2. И.П.Березин, Ю.В.Дергачев. Школа здоровья. 1989.
3. Ильинич В. И. Физическая культура студента: Учебник, Гардарики, 2000.
4. А.Н.Климов, Б.М.Липовецкий. Быть или не быть инфаркту. М., «Медицина». 1981.
5. Ю.А.Орешник. К здоровью через физкультуру. М. «Медицина» 2012.

УДК 77.01.39

ВЛИЯНИЕ ЗАНЯТИЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ НА СИСТЕМЫ ОРГАНИЗМА

Жаскайратов А. Ж.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: Спорт играет особую роль в жизни человека. Здоровый образ жизни представлен как основной фактор формирования сознательно-оценочного мнения студенческой молодежи в процессе их обучения в вузе. Наши предки говорили, что в «здоровом теле здоровый дух» или «первое богатство - здоровье».

Ключевые слова: здоровый образ жизни, спорт, здоровье

УДК 371.3

ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Кинжекова Р.С.

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада ҚР-да жаңа тұрпатты мұғалімдер дайындаудың негізгі ұстанымдары белгіленген. Жоғары білікті мамандар дайындауда оқу процесіне енгізуге тиісті технологиялар сараланған. Жаңа технологиялар арқылы дамытуға тиісті педагогтың қасиеттері ретінде -коммуникативтік құзыреттілігін, эмоциялық-ерік сферасын, эмоциялық тұрақтылығын, әр түрлі жағдаймен факторлерге бейімделу іскерліктерін ерекшеленген. Тәжірибелік зерттеу барысында кәсіби іс-әрекет үшін маңызды қасиеттердің студенттер бойындағы деңгейін анықтап, дамытуға тиісті тұлғалық атрибуттарды жіктеген. Жеткіншектерді тұлғалық-психологиялық тұрғыдан жетілдіруге нақты ұсыныстар жасаған.

Негізгі сөздер: технология, тұлға, қасиеттер, құзыреттілік, коммуникативтік, эмоция, іскерлік, кәсіби іс-әрекет, қалыптастыру, маман.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңы білім беру жүйесінің басты міндеті ретінде ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен дамуына бағытталған білім беру үшін қажетті алғы шарттарды жасау деп белгілеген. Педагог кадрларды даярлауда әлемдік және отандық мәдениеттің ортақ мәселелерін бағдарлауға, жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, демократиялық және жаңа әлеуметтік-мәдени ортада өмір сүрудің ережелерін үйренуге, ұлттық сана-сезімді дамытуға бағыттап үйрету қажет.

Қазақстан Республикасындағы жаңа тұрпатты мұғалімдер төмендегідей ұстанымдар негізінде қалыптасады:

- білім берудің ізгілікті, тұлғалық-бағдарлық сипатының болуы;
- пәндік, психологиялық-педагогикалық, жалпы мәдени даярлықтың жоғары сапасы және іргелі-ғылыми негізделуі;
- базалық пәндер кешенін, мазмұнын жетілдіру, мақсат пен талаптың бірлігі, әлемнің бүтіндей бейнесін қалыптастыру негізінде пәнаралық байланысты, интеграцияны қамтамасыз ету;
- болашақ мұғалімдердің базалық даярлығының кәсіби және жалпымәдени аспектілерін қамтамасыз ететін пәндер жиынтығының толықтығы, әмбебаптығы;
- педагог тұлғасының даму деңгейінің бірізділігі;
- үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі білім беру үдерісінің мазмұны мен технологиясының өзгергіштігі мен икемделуі;
- мұғалімнің өзгермелі өндірістік және әлеуметтік жағдайда бейімделе білу қабілетін дамыту;
- тұлғаның рухани сұранысын қанағаттандыру, білім берудің дамытушылық сипатының болуы;
- дәстүрлі және жаңа типтегі ресми және биресми білім беру құрылымдарының бірігуі;
- білім беру құрылымы мен деңгейіне барлық әлеуметтік топтардың, әр жас өкілдерінің қамтылуы. [2.]

Бұл мақсаттарға жету оқу процесінде жаңа технологияларды қолданбайынша мүмкін емес екені белгілі. Біріншіден, оқыту технологиясы- оқу ақпараттардың пайда болып көріну, өзгеру, өңделу әдістері мен құралдарының жиынтығы болса, екінші

жағынан, оқыту барысындағы мұғалімнің оқушыға қажетті техникалық және ақпараттық құралдарды қолдана отырып, әсер ету жолдары туралы ғылым.

Оқыту технологиясы- оқу бағдарламаларында қарастырылған алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі арқылы оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолы. В.П.Беспальконың түсіндіруі бойынша "педагогикалық технология –оқу үдерісін жүзеге асыруға көмектесетін мазмұндық техника". [3.12.] Г.К.Селевко бойынша педагогикалық технология педагогикалық үдерісті жобалаушы, нәтижеге жетелейтін мақсат, әдістер мен құралдардың бірлігі, жеке, заттық, әдіснамалық құралдардың бірлікте жұмыс істеуі түрінде көрінеді. [4.178.] М.А.Чошанов "оқыту технологиясы" мен "әдістемелік жүйенің" айырмашылықтары белгілермен айқындалады дей келе, педагогикалық технологиялардың белгілерін былай береді:-диагностикалау мен мақсатқа жетуге, тиімділікке кепілдік беруі, уақытты үнемдеу, жедел түрде кері байланыс жасау. [5.56.]

К.Ж.Бұзаубакова білім беру саласындағы инновациялық үдерістерді зерттеген ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында төмендегідей педагогикалық технологияларды ұсынады:

1. Психотехнология-сеземін, сезінемін,көрсетемін қарым-қатынасы. (ТРИЗ өнертапқыштық есептерді шешу теориясы).
2. Ақпараттық-кибернетикалық технология. (Компьютерлік техникамен жұмыс).
3. Диалогтық технология-мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қатынас.
4. Имитациялық технология. (Модельдер, рөлдік оқыту,шешім қабылдау әдістері).
5. Толық меңгеру технологиясы. (Кері байланыс үшін тестілеу әдісін қолдану).

6. Акмеологиялық технология-оқытуда жоғары нәтиже мен жетістікке жеткізетін технология.

7. Зерттеушілік технологиясы - жаңалық ашу арқылы оқыту.

8. Тренингтік технология-іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру.

9. Жобалау технологиясы-жобалау жұмыстарын ұйымдастыру.

10. Видеотехнология-оқытудың аудиовизуалдық құралдарын қолдану. [6.25.]

Студенттің тұлғалық дамуы мен кәсіби қалыптасуының өзара байланысы кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру үшін бір қасиеттердің маңыздылығына сәйкестігі ЖОО-дағы оқыту үдерісінде студент тұлғасын дамыту динамикасы арқылы айқындалады.

Е.Л.Доценко, О.С.Андреева психологтың кәсіби маңызды қасиеттерінің жалпыланған нобайын модификациялау негізінде маман тұлғасын талдаудың бірнеше сферасын айқындайды: когнитивтік, эмоционалдық-еріктік, іс-әрекеттік, тұлғааралық қатынас және өзіндікқатынас сферасы. Біз болашақ мұғалімдерді даярлауда әлеуметтік-педагогикалық технологияларды пайдалануы мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін құзырлылық қатынасқа сүйене отырып, студент тұлғасының рухани-этикалық құзырлылығын дамытуды көздейміз. [7.93.]

Түлектер мен студенттерге әр қасиеттің маман үшін маңыздылығына сәйкес, сонымен қатар ЖОО-да оқу-кәсіби даярлау барысындағы өзгеру деңгейі бойынша да әр қасиет бағаланады. Осындай зерттеу негізінде екі негізгі көрсеткіш алынды, біріншісі – студент тұлғасының кәсіби маңызды қасиетін бағалау (КМҚ), осы қасиеттердің даму деңгейін өзіндік бағалау. Кәсіби маман іс-әрекетін қамтамасыз ететін жоғары деңгейі іріктелген топтардан алынған нәтижеден көрінетіндей (сапалардың ешқайсысы 50% -дан төмен баға алған емес), сонымен қатар жоғары білім алу барысында мәнді өзгерістердің жүретіндігі анықталды.

Тұлға қасиетінің мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті үшін маңыздылық деңгейі (МД) және ЖОО-да оқыту үдерісінде даму деңгейі (ДД). Кейбір зерттеулерге сүйенсек, тұлға қасиетінің мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті үшін маңыздылық деңгейі және ЖОО-да оқыту үдерісінде даму деңгейі (1-20-ға дейінгі рангпен есептелді): Мінез-құлықтың өзгергіштігі-3 ранг;Өзін ұстай білу, эмоциялық тұрақтылық-5ранг; Стреске қарсы тура білу, әр түрлі жағдайға және факторлерге бейімделу іскерлігі-7ранг; Анализдік-конструктивтік ойлау,

өзіндік пікірдің болуы -11ранг; Логикалық қорытынды жасай білу қабілеті-13; Өзін-өзі тану, өзін талдауға қабілеттілігі -15; Төзімділік, төзе білу-17 ранг екендігі көрінді.

Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сәттілігін қамтамасыз ететін маңызды қасиеттеріне маманның коммуникативтік құзыреттілігін, эмоциялық-ерік сферасын, эмоциялық тұрақтылығын, әр түрлі жағдаймен факторлерге бейімделу іскерліктерін жатқызамыз. Студент үшін азырақ мағынаға ие болатыны жауапкершілік, байқампаздық, мінез-құлықтың өзгергіштігі.

Тәуекелге баруға даярлық, әзілдей білу сезімі, креативтілік, ұйымдастырушылық қабілеті маманның кәсіби іс-әрекеті үшін маңыздылығы деңгейінің жоғары бағалануына қарамастан маман тұлғасы үшін ерекшелігін құрамайды.

ЖОО-да оқыту үдерісінде мынадай ерекшеліктер (тәуекелге баруға дайындық қалыптан тыс ойлау) қасиеттер иерархиясында соңғы орынды иеленуде. Өзінің тұлғалық өзгерісін өзіндік бағалауда бірінші позицияға мынадай қасиеттер шығады: жауапкершілік, адамдармен қарым-қатынас жасай білу іскерлігі, өзгені сезінуге, өзгені

ұғынуға талпыну, өзіндік өзгеріс, өзіндік даму, өзіндік жетілдіруге деген дайындығы мен қабілеттілігі.

Осы қасиеттер тұлғааралық қатынас пен өзіндік қатынаста маңыздылыққа ие болғандықтан, жоғары психологиялық, педагогикалық білім беруде тұлғаның осы ерекшеліктері маңызды өзгерістерге ұшырайды.

Кейбір нәтижелер жеке рефлексияны талап етеді, яғни психологтың маңызды тұлғалық атрибуты эмпатияға деген қабілеттілік және өзге қасиеттердің қатарында маңыздылығы аздау болып табылады. (16 және 20 рангіде орналасуда). Тәжірибе барысында ЖОО-ның педагогика және психология мамандығының түлектерінің стресске қарсы тұра білу деңгейінің жеткіліксіздігі эмоциялық, өзіндік бақылау, үрейлілік деңгейінің төмендігі анықталды, өз мінез-құлқын өзіндік реттеу қабілетінің болуын көптеген авторлармен және студенттер мұғалімге қажетті қасиеттері деп айқындайды.

Студенттердің әлеуметтік-педагогикалық білімдерін және іскерліктерін, әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін қалыптастыру барысында мына әдістер жақсы нәтижеге қол жеткізетіні анықталды:

- Пікірталастық әдістер – проблемалық жағдаяттарды талдау үшін топтық пікірталас жүргізу.

- Ойын әдістері – іскерлік, ролдік, шығармашылық, дидактикалық ойындар.

- Сензитивтік тренинг.

Осы әдістер мен тәсілдерді қолданып студенттерді қарым-қатынас жасауға, өзгенің көңілкүйін, сезімін, күйзелісін ұғынуға үйретуге болады. Тыңдау іскерлігі – мұғалімге қажетті маңызды қасиет. Оқушының ойын және сезімін ұғынуға және оған түсіністікпен қарауға үйрету үшін төмендегідей тәсілдерді қолданамыз:

- Рефлексивті емес тыңдау – серіктестің әңгімесіне кіріспеу, үндемей отырып тыңдау, сонымен қатар көңіл бөлу, қолдау көрсету, сездіруді үйрену.

- Рефлексивті тыңдау - өз сезімін толықтай бейнелеуге көмектесу.

- Айқындау – серіктесінен толықтыруды сұрап отыру: «Түсіндіріңізші», «Мына проблема жайында айтасыз ба? Сіз оны қалай түсінесіз».

- Қайталап айту – оқытушының студент ойын өзге сөздермен қайталап айтуы.

- Бейнелеу – оқытушының студент қаншалықты түсінгендігін көрсете білуі.

- Түйіндеме жасау – ұзақ әңгімелесуден соң негізгі ойды жинақтауы.

- Эмпатиялық тыңдау – эмпатия өзгенің сезімін ұғына білуі, түсінгендігін көрсете білуі.

Практикалық сабақтарда «тыңдай білу іскерлігін» үйрету үшін жаттығулар өткізілді. Студенттерге ролдік ойындар түрінде жаттығулар жүргізілді.

Болашақ мұғалімдердің оқушылармен әлеуметтік-педагогикалық технологияны пайдалана білуі үшін төмендегідей ролдік ойындар жүргізуде мына мәселелерге көңіл бөлінуі тиіс:

- Алдымен, ролдік ойынның тақырыбын айқындау.

- Зерттелетін құбылысқа әсер ететін негізгі факторларды айқындау (ұжымдағы оқушылар саны педагогтың өтілі, ұжымдағы шиеленіс деңгейі, ұжымдағы хал-ахуал, лидерлер ролі т.б.).

- Жан-жақты дамыған педагог образын қалыптастыру нобайын анықтау. Ойын мүшелерінің шешімді бағалау критериилерін іздеу, ойын барысында мүшелерге қажетті нұсқауларды қолдану.

- Ойын сценарийін құрастыру, ойынды өткізу ережесін, ойын мүшелері мен қазылар алқасына материалдар дайындау.

- Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетке дайындау жүйесіндегі ойынның ролін анықтау.

- Ойынның негізгі ұғымдарын анықтау: дайындық, нұсқау, машықтану, қазылар.

Студенттерге шығармашылық тапсырмалар беру де тиімді. Мысалы: белгілі жағдаяттағы мұғалімнің оқушымен әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінің алгоритмін іздеу. Жобалау технологиясы бойынша «Мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыру» жобасы жеткіншектермен, әлеуметтік педагогпен, мектеп психологымен, пән секцияларының жетекшілерімен және пән үйірмелерінің жетекшілерімен жүргізуге болады.

Жоба: «Мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыру». Қатысушылар:

жеткіншектер, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, пән секцияларының жетекшілері, пән үйірмелерінің жетекшілері.

Мақсаты: мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыра отырып, оқушылардың әлеуметтенуі үшін мақсатты тәрбиелік ықпалдардың жүйелі жүзеге асырылуын және әр түрлі мекемелер мен тәрбиелік және қоғамдық ұйымдардың өзара байланысын қамтамасыз ету. Оқушылардың өмірдегі әр түрлі дағдарыстық жағдайлардан шыға алу жолдарын меңгеруін қамтамасыз ету. Мерзімі: 4 апта, аптасына 1 сағаттан.

Жобамен жұмыс: Мектептегі әлеуметтік- психологиялық қызметті ұйымдастыру үшін мынадай 4 топпен тығыз байланыста болуымыз қажет. Олар: 1. Педагог - мектептің педагогикалық кеңесі; психологиялық-педагогикалық консилум; психологиялық-педагогикалық семинар-тренингтер; пікірталас түрлері; дөңгелек үстел; ұйымдастырушылық іскерлік ойындар, ролдік ойындар; кеңес берулер; - пән әдістемелік бірлестіктері.

2. Отбасы- ата-ана комитетінің мәжілісі; ата-аналар университетінің сабақтары; отбасылық клубтар; бірлескен мекемелермен кештерді өткізу; тренингтер; кеңес берулер;

ата-аналарға ақпараттық стенділер дайындау.

3. Оқушылар - жеке және топтық кеңес беру; коррекциялық- дамытушылық; коррекциялық-тәрбиелік сабақтар; тренингтер; педагогикалық клубтар; кәсіби бағдар беру жұмысы; оқушылардың өндірістік бригадалары; жазғы демалысты және бос уақытты ұйымдастыру.

4. Мектептен тыс ұйымдар мен мекемелер - үйірмелер, секциялар, клубтар; қайырымдылық акциялары; мөлтек аудандағы мекемелері, аула клубтары.

Зерттеуге қатысқан жеткіншектердің, студенттердің, педагогтардың, психологтардың жауаптарындағы айтылған психологиялық проблемалар мазмұны бойынша жіктеліп, былайша топтастырылды: жеткіншектердің тұлғалық-психологиялық қиындықтары: сенімсіздік; ұялшақтық; қорқақтық; жалқаулық; сенгіштік; күмәншілдік т.с.с.; тұлғааралық қарым-қатынастағы шиеленістер: қарым-қатынас жасай алмауы; өзгелермен тіл табыса алмауы; бастамашылдықтың болмауы; тұйықтық,өзімшілдік т.с.с. іс-әрекет түрлеріне қатысты туындаған проблемалар: сәтсіздікке бой алдыру; іс-әрекеттеріне көңілінің толмауы; уақытын басқара алмауы; бірлесе әрекет ете алмау; ерік-жігердің жетіспеуі т.с.с; әлеуметтік жағдайына

байланысты туындаған проблемалар: тұрмысының және экономикалық жағдайдың нашарлығының ұнамауы; дем алуға уақыттың болмауы; күн тәртібінің болмауы т.с.с.; материалдық жағдайлардан туындайтын проблемалар: қаржыны үнемдей алмау; материалдық жағынан тәуелсіздіктің болмауы; материалдық жағдайға байланысты дәрменсіздікті сезіну, кредит ала алмауға және алғандардың оны өтей алмауына байланысты психологиялық тығырықтар т.с.с.; өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге байланысты проблемалар: өмірде өзіндік орын таба алмауы, болашағына сенбеуі, өзіндік танымның жеткіліксіздігі; өзіндік бағаның адекватты болмауы т.с.с.; микроортада туындаған психологиялық проблемалардың әсері: отбасы жағдайының нашарлығы; жақын адамның денсаулығындағы мәселелер; «қазіргі адамдар көзқарасының өзгеруі» т.с.с.; психикалық және психологиялық денсаулыққа байланысты туындаған проблемалар: шаршау, қалжырау; денсаулықтың нашарлауы; қорқынышқа, стреске бой алдыру т.с.с. Проблемалардан қашқақтауы және оны өзгелермен бөліскісі келмеуі: бұл қорғаныс механизмдерінің ықпалын танытады. Осы жоғарыдағы жобаларды талқылау барысында оқушы тұлғасымен және әлеуметтік орта арасындағы негативті ықпалдарды интеграциалау қажеттігі туындайды.

Университет жағдайында болашақ мұғалімдердің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының құрылымдық мазмұндық нобайы күрделі психологиялық-педагогикалық жүйе, құрылымы психологиялық- педагогикалық және мазмұндық сипаттамалардың бірлігімен анықталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы //Алматы, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 -2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Астана, 2010.
3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. -М., 1995. - с. 12.
4. Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств. -Москва, 2005. -с. 178.
5. Чошанов М. А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения: Методическое пособие. -М., 1996. -с. 56.
6. Бұзаубақова К.Ж. Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі //«Информатика негіздері» 2008 ж. № 4 -б. 25.
7. Доценко Е. Л., О.С.Андреева Психология манипуляции: феномены, механизмы и защита. -М., ЧеРо, Издательство МГУ, 1997. -с. 93.
8. Тұрғынбаева. Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе //Алматы, 2005. -б.174

УДК 371.3

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТНЫХ КАЧЕСТВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ С ПОМОЩЬЮ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Кинжекова Р.С.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация: В статье рассматриваются принципы подготовки учителей нового формата РК. Рассматриваются виды новых технологий для внедрения в учебный процесс при подготовке высококвалифицированных специалистов. Предлагается использование новых технологий для развития личностных качеств, таких как: эмоционально-волевая сфера, эмоциональная устойчивость и другие факторы, обеспечивающие эффективную адаптацию к различным ситуациям. В ходе экспериментальной работы определены уровни профессиональной компетентности и определены необходимые личностные атрибуты будущих специалистов. Дана рекомендация для развития психологических качеств личности студентов.

Ключевые слова: технология, личность, качества, компетентность, коммуникация, эмоция, деятельность, личностные атрибуты, формирование, специалист.

ОӘЖ 159.922.7(075.8)

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Султанғалиева А.И., Калкенова Г.Б.

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын инновациялық технологиялар тақырыбы қаралған. Білім беру жүйесінде әдістердің түрленуі, жаңашалануы, олардың мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылуы өзекті.

Негізгі сөздер: Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық педагогикалық технологиялар, заманауи білім беру.

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру- басты мәселенің бірі.осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға байланысты білім берудің барлық жүйесін жаңғырту үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды, осы үдеріске жаңа, барынша тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдемені іздеуді қарқындатады.

Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың бірінші деңгейі ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етеді. Мектепке дейінгі білім берудің дамуы, жаңа сапалы деңгейге өтуі инновациялық технологияларды дайындаусыз мүмкін емес [1].

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі

Қазіргі уақытта Ресей Федерация сы өнеркәсіп кешендері халық шаруашылығы түрлі салаларына қатысты түрлі өнеркәсіп орындарын қамтиды. Қазіргі өнеркәсіп кәсіпорындары тұтыну тауарлары, машиналар, жабдықтар, құралдар шығарылымын, шикізатты өндіруді, материалдарды өндіруді, электр қуатын және т.б. өндіруді қамтамасыз етеді. Кәсіпорындардың басым бөлігі өз технологиялық процесінде өндірістік қор ретінде сулы пайдаланады.


Сондықтан кәсіпорындар ағынды сулары, әдетте заттар тұтас кешенімен ластанған. Ластаушы заттардан ағынды суларды тазарту кез келген кәсіпорын технологиялық процесінің маңызды кезеңі болып табылады. ШРҚ қойырлықтан асып түспейтін қойырлықтарға дейін өндіріс ағындыларын тазарту арқасында оларды табиғи қоймаларға босату мүмкін болады.

Ағынды суларды тазартудың кең тараған әдісі адсорбциялық тазарту болып табылады. Алайда бар адсорбциялық сүзгілер мен адсорберлер әдетте, ластағыштың негізгі түрінен суды тазартуды қамтамасыз етуге қабілетті белгілі бір адсорбент түрімен толтырылады. Бұл ластағыш заттар кешенінен ағынды суларды сапалы тазартуды қиындатады. Ағын – табиғаттағы су айналымы процесінің нәтижесінде судың жер бетімен және оның астымен ағуы. Беткі және жер асты ағыны болып екіге бөлінеді: Беткі ағын өз алдына беткейлік және арналық болып ажыратылады. Ағын мөлшері және режимі жауын-шашынмен булану мөлшеріне, ауа температурасы, жер бедері, геологиялық құрылысы, топырақ пен өсімдік сипатына байланысты қалыптасады

Сорбциялық әдіс - ағынды суларды тазартудың сорбциялық әдістері жоғары тиімділігімен қатар экологиялық таза әдістерге жатады. Ағынды суларды толық тазалауға арналған материалды таңдаудағы негізгі критерий оның сорбциялық сапаса, кеуекті құрылымы мен үнемділігі болып табылады. Ағынды суларды ауыр металл иондарынан тазарту кезінде көміртекті сорбенттер, кремнезем, торф және оны қайта өңдеу өнімдері, күлдер, құрамында техногендік қалдықтар бар карбонат және т.б. белгілі. Суды тазартудың сорбциялық әдістері сумен жабдықтау және су бұру жүйелері үшін неғұрлым перспективалы және ресурс үнемдеуші болып табылады. Пайдаланылатын сорбенттер қолдануға оңай және жоғары технологиялық сипаттамаларға ие болуы тиіс. Өртүрлі өнеркәсіптік кәсіпорындардың су бұру жүйелерінде қолданылуы мүмкін жаңа жасанды және табиғи сорбенттердің сипаттамасы жеке-жеке зерттелген.

Бұл бағытты одан әрі дамыту жоғары технологиялық және сорбциялық қасиеттері

бар сорбенттердің жаңа нұсқаларын іздестіру болып табылады, олар жоғары концентрациялы өнеркәсіптік ағынды суларды тазарту үшін қолданылуы мүмкін. Күрделі құрамды ағынды суларды сапалы тазарту үшін біздермен көп құрамды сорбциялық сүзгі ұсынылған (1-сурет).



1-сурет. Жылжымалы кассеталары бар көп құрамды сорбциялық сүзгі:

1- кассеталар; 2-сорбенттер; 3,12-келтеқұбырлар; 4-корпус, 5-бағыттаушылар; 6-қабырғалар; 7- құбырлар; 8-жоғарғы кассета; 9-саңылау; 10-тор; 11 таратқыш құрылғы; 13-су жинағыш астауша; 14-бұрандалар [1]

Сорбциялық сүзгі сорбенттер түрлі түрлерімен толтырылған, бірінің үстіне бірі қойылған кассеталарды, тазартылған суды бұруға арналған келтеқұбырды қамтиды. Кассеталар жоғары берік пластиктен жасалған және металл корпуска орналастырылған; олар корпус бүйір қабырғаларына бекітілген бағыттаушылар арқылы жылжытылады. Металл корпус төбелік бөлігінде саңылаулары арқылы тазартылған су жоғары кассеталарға берілетін перфорацияланған түтіктер орналасқан, ал әрбір кассета төменгі бөлігі тормен жабдықталған және қысқа келтеқұбырлары арқылы төменде орналасқанға жоғарыда орналасқан кассетадан тазартылған суды бағыттайтын тарату құрылғысымен жабдықталған. Металл корпус түбінде тазартылған суды бұруға арналған келтеқұбырлар бекітілген тазартылған суға арналған су жинақтайтын астауша орналасқан.

Сорбциялық сүзгі келесі түрде жұмыс істейді. Тазартылатын су перфорацияланған түтіктерге 7 (1-сурет) келіп түседі және одан әрі қарай саңылау 9 арқылы түтіктермен бір қалыпты жоғары кассетаға беріледі, бұл кассеталар барлық ауданы бойымен сорбенттер толық жұмысын қамтамасыз етеді және суды тазарту нәтижесін арттыруға мүмкіндік береді. Жоғары кассетада сорбент қабатынан өте отырып, су жоғары кассета төменгі бөлігіндегі тор арқылы келіп түседі және қысқа келеқұбырлар арқылы 12 тарату құрылғыларына – төменде орналасқан кассетаға келіп түседі. Тізбекті түрде кассеталарда орналасқан сорбенттер қабатынан өте отырып, тазартылған су су жинақтаушы астаушаға және содан кейін су тарату келтеқұбыры 3 арқылы тұтынушыға жетеді. Сорбенті бар кассета сүзгісі жұмысы барысында түбіне дейін корпус ішіне енгізілген және бұрандалармен тығыз бекітілген, бұл тазартылған

судың азаюын азайтуға және құрылым беріктігін арттыруға септігін тигізеді.

Жылжымалы кассеталары бар сорбциялық сүзгі ұсынылған құрылымы есебі қолданыстағы ҚН және Е [2], нормативтік құжаттар мен авторлар зерттеулері нәтижелеріне негізделеді [3,4].

Адсорбциялық қондырғыны толтыру ауданы $F_{ads}(m^2)$ келесі формула бойынша анықталады:

$$F_{ads} = \frac{q_w}{v}, \quad (1)$$

мұндағы q_w – ағынды сулардың орташа сағаттық шығыны ($m^3/сағ$); v – сүзгі арқылы өтетін ағын жылдамдығы ($m/сағ$).

Тазартылған судың берілу жылдамдығы $v=1,0 \div 1,5$ $m/сағ$. түрінде қабылданады.

Сүзу толтырғышының жалпы биіктігі:

$$h=10 \cdot (F_{ads}/\pi)^{1/2} \quad (2)$$

Көп қабаттық толтырғыш кассеталары саны:

$$n=(3 \div 7)д. \quad (3)$$

Сүзгі жұмыс бөлігі биіктігі:

$$h_p=h+s(n-1), \quad (4)$$

мұндағы s – кассета түбі қалыңдығы, $s=(0,05 \div 0,12)m$.

Сүзгі бір кассетасы биіктігі:

$$h' = \frac{h_p}{n}, \quad (5)$$

Бұл жағдайда толтырғыш қабаттары саны ағынды сулар құрамына және ондағы органикалық ластағыш заттар мөлшеріне байланысты болады. Әр кассетада сорбенттердің тек бір түрі ғана орналастырылады.

Әр сорбенттің ең жоғарғы мөлшері ($г/л$):

$$D_{sb}^{max} = \frac{C_0 - C_{вых}}{a_{sb}^{min}}, \quad (6)$$

Мұндағы a_{sb}^{min} – эксперимент түрінде анықталатын сорбенттің ең кіші сорбциялық сыйымдылығы ($мг/л$).

0,8-5 мм кешенді сорбент бөлшектерінің ірілігіндегі сүзу толтырғышы жалпы қабатындағы тазартылатын судың азаюын толтырғыш жалпы қабаты 1м-не 0,5 асырмай қабылдау қажет.

Сүзгі корпусынан сорбентті түсіруді әр кассета үшін тізбекті түрде жеке жүргізу қажет. Сорбентті ауыстырғаннан кейін түбіне дейін корпус ішіне енгізілген кассеталар бұрандалармен тығыз бекітіледі.

Жұмыс 5.3922.21017/ПЧ тапсырысы бойынша РФ Б және ҒМ Мемлекеттік тапсырмасы шегінде орындалған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Патент на полезную модель № 174230 РФ, МПК C02F 1/28; VOID 24/14. Сорбционный фильтр [Текст] / О.В. Атаманова, А.В. Косарев, Е.И.Тихомирова, М.В.Истрашкина.- Опубл. - БИ 09.10.2017. Бюл №28.-2с.
2. СНиП 2.04.03-85 Канализация. Наружные сети и сооружения [Текст] -М. Госстрой СССР, 1986. -135с.
- 3.Тихомирова, Е.И. Исследование механизма адсорбций орто-фенилендиамина на бентонитах в статических условиях [Текст] / Е.И. Тихомирова, М.В. Истрашкина, О.В.

Атаманова и др. // Фундаментальные исследования. - М., 2018.-№1.-С.18-23.

4. Косарев, А.В. Моделирование структуры композиционных адсорбентов "алюмосиликат-неионное ПАВ" в решении задач повышения эффективности водоочистки [Текст] / А.В. Косарев, О.В. Атаманова, Е.И. Тихомирова и др. // Вестник Кыргызыско-Российского Славянского университета. - Бишкек, 2017. -Т.17, №8. - С.116-120.

УДК 628.316+544.72

МНОГОКОМПОНЕНТНЫЙ СОРБЦИОННЫЙ ФИЛЬТР ДЛЯ ОЧИСТКИ СТОЧНЫХ ВОД В СИСТЕМАХ ВОДООТВЕДЕНИЯ ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ

Төлеуова Р.Н.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация: Приведено описание новой конструкции многокомпонентного сорбционного фильтра для очистки сточных вод сложного состава. Разработана методика расчета фильтра.

Ключевые слова: многокомпонентный сорбционный фильтр, система водоотведения, очистка воды, предельно-допустимая концентрация (ПДК)

ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

УДК: 343.57

НАШАҚОРЛЫҚ, ЖҮЙКЕГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ЗАТТАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Ганиева А.С.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация: Мақалада нашақорлық пен жүйкеге әсер ететін заттардың қаншалықты адам өмірі мен денсаулығына зиян екендігі, қоғам қауіпсіздігі үшін қаншалықты төніп тұрған үлкен қатер екені жазылған.

Негізгі сөздер: марихуана, кокаин, морфин, LSD, синтетикалық есірткі, жыныстық диверсия.

Нашақорлық – адам баласының денсаулығы мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қатер. Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселесі айқын халықаралық сипатқа ие және бұл мәселенің шешілуі біздің мемлекетіміз үшін де маңызды. Еуразия жолдарының қиылысында орналасқан Қазақстанның геосаяси жағдайы есірткі тасмалдау үшін транзиттік дәліз ретінде халықаралық есірткі синдикаттары мен ұйымдасқан қылмыстық топтар үшін Ауғанстаннан Ресейге, одан кейін Еуропаға есірткі заттарын орасан зор мөлшерде контрабандалық жолмен тасмалдауға қолайлы екені жасырын емес. Аса ірі мөлшерде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз айналымға шығарып, жанталса қимылдап жатқан халықаралық есірткі синдикаттары мен ұйымдасқан қылмыстық топтар заңсыз тасымалдау кезінде, еліміздің тұрғындарын жол бойы зақымдап улау салдарынан, республикамызда есірткіге тәуелді азаматтар саны айтарлықтай көбейіп отыр. Елімізде есірткі заттарын дайындау, сақтау, тасымалдау және сату әрекеттеріне тыйым салынған. Алайда, бала болашағымыз десек, ерекше қобалжу тудыратын мәселе жоғарыда атап көрсетілген жағдайлардың әсерінен есірткіге тәуелді тұлғалардың арасында кәмілет жасына толмаған жеткіншектердің аса қауіпті дерт – нашақорлыққа салынуы соңғы жылдары күрт өсіп отыр. Жылдан жылға олармен есірткі қолданудың әсерінен жасалған қылмыстар саны да артып келеді. Есірткі бизнесі, кез келген ұйымдасқан қылмыс секілді шектеулі жоқ және ұлт талғамайды. Есірткі қолдануға әсіресе құмарлық адам өмірі мен қоғам үшін шын мәнінде қауіп төндіреді. Сондықтан да осы халықаралық сипатқа ие болып отырған нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес және оның алдын алу мәселесі біздің облыс көлемінде де басты мәселелердің бірі болғандықтан, аталған мақсаттағы іс шаралар Оңтүстік Қазақстан облысының құқық қорғау органдарымен де тұрақты негізде атқарылып келеді[1]. Нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрсете болшақта жақсы нәтижеге жету үшін, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген халық даналығының негізінде жалпы облыс тұрғындары болып келесідей маңызды міндеттерді атқару қажет деп есептейміз:

Біріншіден ең алдымен уәклетті мемлекеттік органдармен нашақорлыққа қарсы қоғамдық қорғаныс қабілетін әлеуметтік иммунитетті (наркоиммунитетті)

қалыптастыруды қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін мемлекеттік әлеуметтік саясат, білім беру жүйесіндегі жастар арасындағы ең көлемді мәдени-тәрбие жұмыстарын балалардың бос уақыттарын қоғамдық құнды ынталар мен бейімділіктері негізінде ұйымдастыру арқылы жүзеге асырып, осы салада негізгі бағыт беретін күш – жергілікті атқарушы билік органдары мен азаматтық қоғам институттарының жұмыстарын жетілдіру және жандандыру, ең бастысы – нашақорлыққа итермелейтін басты себептер мен жағдайларды зерделеу және оларды қалпына келтіру қажет.

Екіншіден есірткі пайдаланатын адамдардың өз денсаулығына көзқарасын өзгерту, олардың санасына адам денсаулығы өзі үшін де, тұтастай қоғам үшін де құндылық болып табылатындығы туралы идеяны түсіндіріп, жеткізу – маңызды психологиялық алғышарты болып табылатын салауатты өмір салтын жүргізуге ұмытылысты ынталандыратын бағдарламаларды әзірлеу және енгізу. Себебі, адамның өз денсаулығына көзқарасының өзгеруі басқа да алдын алу және емдік бағдарламалардың іске асырылуын жеңілдетеді. Азаматтардың құқықтық сауаттарын арттыру арқылы өз еркімен немесе көндіру арқылы оңалу үшін жағдай туғызу. Сонымен бірге, баспасөз беттері және электронды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа есірткінің зияны туралы кең көлемде ақпарат бере отырып, есірткі пайдалануға және нашақорлыққа қарсы насихаттау жұмыстарын күшейту, есірткі заттары туралы теріс түсінік беретін ақпараттардың берілуі мен орналастыруына жол бермеу және ол үшін жауапкершіліктерін арттыру, құқық қоғау және нашақорлық пен есірткі бизнесінің таралуына қарсы іс қимылға қатысытан басқа ад мемлекеттік органдардың басты назарын халықтың есірткі құралдары мен психотроптық заттарға қолжетімділігін барынша шектеуге бағыттау, уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ нашақорлықтың алдын алуға және оны емдеуге мамандандырылған медициналық мекемелердің материалдық-техникалық әулетін нығайт, нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрестегі ынтымақтастықты дамыту сияқты міндеттерді атқару қажеттілігін ескеруіміз қажет[2].

Есірткі қолданудың себептері көп. Жастардың арасында есірткіге әуестік көп ретте білместіктен басталады. Ал басқа себептерге тоқталатын болсақ, олар төмендегідей.

Жас өспірімдер қоршаған ортасының кері әсерінен сенгіш келеді. Олар жас болғандықтан қоршаған ортадағы, әр түрлі жағымсыз әрекеттердің жетегінде кетеді. Өз іс- әрекетінің салдарын дұрыс болжамау жеңілтектік, жан дүние мінез-құлық пен дене танымы толық қалыптаспағандығы сенгіштік, кері әсерге еліктеушілік алғаш рет спирт ішімдіктері мен есірткінің дәмін көруді тудыратын себептер[3]. Жас өспірімдер өздерінің «Ер жүректігін», «Дербестігін» танытуға болатын топтар мен ұйымдарға бірігеді.

Мұндай топтар үй аймақтарында, би алаңдарында, мектепте де ұйымдасады және топ ішінде алғашқы тексерістер болып өтеді. Топтық психология еліктеушілік топ ішінде біреуі есірткі немесе шарап дәмін татқан болса, уақыт өткен соң топтың барлық мүшелері есірткі мен алкагольге әуестенуге соқтырады.

Есірткіні түнгі клубтарда да би алаңдарында да, арнайы сатылатын орыннан да, тіпті мектепте де сатып алуға болады. Уақыт өткен сайын есірткінің де дамуы жүріп жатыр. Бұрын жасөспірімдер анаша, марихуана шегіп улы химиялық заттар иіскейтін болса, қазір героин, кокаин, синтетикалық есірткілерді қолданады. Ал синтетикалық есірткінің (героин) ерекшелігі сол, адам оған бір-ақ рет дәмін татқаннан кейін әуес болып

қалады. Міне, ересектердің нашақор болуы себептерінің бірі сонда жатыр. Танысы бір рет дәмін татсаң немесе иіскесең, шексең нашақор болмайсың, қиындықтардың барлығын ұмытасың, ләззат аласың, жаның тыныштық табады деген арбау сөздерімен нашақорлық жолына тартады[4]. Ал әлеуметтік қиындықтардан отбасындағы ұрыс-керістен, жұмыссыздықтан немесе қызметіндегі жанжалдан шаршаған азамат қиындықтан аз уақытқа болса да «қашып кетуді» ойлап, есіркінің дәмін татады да, нашақор санатына қосылғанын білмей қалады.

Жас өспірімдер арасында нашақорлыққа салынуға бейім жағдайлар мынадай:

- Ата- ананың баласын тәрбиелеуге уақытының болмауы, жас өспірімнің үйден тыс өмірін қадағаламауы;
- Отбасы мүшелерінің бірі арақ-шарап ішуі немесе есірткі қолдануы;
- Әкесі мен шешесінің жиі жанжалдасуы;
- Ата- ананың жас уақытынан бастап маскүнем болуы;
- Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншілігінің болмауы, отбасындағы түсініспеушіліктің орын алуы;
- Мектепте мұғалімдердің нашақорлық мәселелеріне көңіл бөлмеуі, жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізбеуі.

Жастарды есірткіден қалай қорғауға болады?

Егер мүмкіндігінше мысалға келтіретін көрші нашақор болса, оның нашақор емес кезі мен қазіргі кезін салыстыруды ұсынуға болады. Аталмыш жастағы балалардың психикасын сезімтал болады, олар көргенін өмір бақи ұмытпайды. 13-15 жастағы жасөспірімдер есірткі туралы ересек замандастарынан естіп біледі. Олар марихуана, гашиш, анаша секілді есірткілердің дәмін татып көрген болуы да мүмкін. Тіпті нашақорлармен таныс болса героин сияқты күшті есірткі қолдануы таң қалдырмайды. Олар нашақорлықтың ауыр емділуі қиын індет екенін түсінбейді. Анаша шегуді нашақорлыққа жатқызбайды, оған тәуелді емеспін, кез келген уақытта шегуді тоқтата аламын деп ойлайды. Оларға барлық нашақор «жеңіл» есірткіден бастағанын, содан бірте-бірте нашақорға айналғанын түсіндіру қажет. Анаша, марихуана, гашиш сияқты есірткі алдымен тәнді, сонан кейін жанды тәуелді ететінін оларға дәлелдеу қажет. 16-18 жасар жастардың арасында нашақорлық пен оның салдары туралы жақсы білетіндер көп.

Басқа елдермен тереземізді теңестіреміз, алдыңғы қатарлы елдер сапынан табыламыз десек жастарды салауатты өмір салты дағдысы қалыптасқан, рухы биік, жан дүниесі таза, адамгершілігі мол, білімді азамат болып дамуымыз керек. Баспасөз мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын нашақорлықпен ауыратын адамдардың саны көбейіп, героин мен синтетикалық есірткілерді тұтыну артып отыр[5]. Егер 2010 жылдың қорытындысы бойынша есепте 42 мыңнан астам адам болса, қазіргі таңда 54 мыңнан артық адам есепте тұрады екен. Олардың ішінде 4500 әйел және 3800-ден астам ер адам бар. Қазіргі заманда нашақорлықтың салдарынан жарымес, мүгедек, аурушан балалардың өмірге жиі келетіні бәрімізге белгілі.

Дүние жүзін жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын жайып барады. Қазіргі таңда Қазақстанда 55 мың нашақор бар екен. Негізгі мәселе нашақордың санында емес, жасында болса керек. Келешек ұрпаққа ақыл, бағыт – бағдар беретін аға – апаларымыз есірткіні “табыс көзі” көріп, қаншама адам өмірін құртып отыр. Олардың тіпті мектеп оқушысына алғашқы мөлшерді тегін беріп, қызықтыруы айуандық деп есептеймін.

Дәл қазіргі таңда әрбір жанұяның есігі мен терезесіне үңіліп, үй айналасын торып, ғасыр індеті жүр. Бұл індеттің аты – нашақорлық.

Халқымыздың денсаулықты байлық пен басқадан да жоғары қоюынан-ақ оның қадірі қаншалықты екенін білуге болады. Осындай баға жетпес байлықтың қадірін түсінбей, өз өміріне өз қолдарымен балта шауып жүрген жандар қаншама.

Қазіргі уақытта жастар арасында есірткіге бой ұру етек алып барады. Менің ойымша, оған көптеген себептер бар. Біріншіден, бозбалалар мен бойжеткендердің бұл жаста өздеріне не керек екенін білмей, еліктеушілікке салыну. Екіншіден, бір сәттілік ләззат үшін шоқ басқанын білмей қалған жастардың қателігі. Кейбіреулер Абайдың сөзімен айтқанда: “Тамағы тоқтық, қайғысы жоқтықтан” азады.

Бүгінгі күні нашақорлық бір адамның ғана басындағы емес, бүкіл қоғамның қасіреті болып отыр. Нашақорлықтың қасіретін тек дәрігерлер ғана емес, күнделікті көріп жүрген әр жан сезеді.

Бүгінгі жастардың ой – арманы, мақсат – мүддесі, тілегі, тіршілік – тынысы біздің халықтың ХХІ ғасырдағы бет – бейнесін көп жағдаяттан анықтап берері даусыз. Есірткі қазіргі таңда көп түрі кездеседі мысалы: марихуана, кокаин, морфин, LSD, героин және тағы басқа түрлері адамның миына, психикасына, орталық жүйке жүйесіне қатты әсер етіп, рухани және физикалық тепе – теңдікті бұзатын зиянды заттардың бірі[6].

Есірткіге құмарлық ең қауіпті және апатты аурулардың бірі. Есірткіні пайдаланудың кезеңі қоғамдық факторлармен байланысты өзінің таныс топтарының арасына оларға еліктеу және абырой алу болады. Адам ағзасына өте тез уландыратын аса қауіпті психикалық дерт. Оны әсіресі жас ағза тез қабылдайды[7]. Бұл адамның көңіл – күйін, сана – сезімін, мінез – құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол адамның есін

алып, құмарлық желігіне ұшыратады, нашақор есірткісіз өмір сүре алмайтын бейшара халге түседі. Есірткі – аса қауіпті, айығуы үмітсіз әлеуметтік дерт және осыған жету үшін дұрыс жолды білмейтін балалар да бар.

Жеткіншектерді есірткі мен психотропты заттарға итермелейтін мотивтері анықтауда біз бұл мотивтер, ең алдымен, жеткіншектердің қажеттіліктеріне, психикалық жағдайларына байланысты екендігін байқадық. Психикалық тәуелділіктің қалыптасуында жеткіншектің өз қажеттілігін қанағаттандыра алмау мүмкіндігі жатады. Аффективті қажеттілік, яғни топқа қабылдану қажеттілігі – басқаларға керектігінің субъективті уайымының жоқтығы[8]. Мұндай қажеттіліктің болуы жеткіншекті есірткі және психотропты заттарды қолдануға итермелейді және топқа ұнау функциясын атқарады. Жеткіншектің ұмтылысы еркіндікті сезінуде пайда болады, яғни жеткіншек әрқашан алдыға ұмтылып, өз мінез-құлқының шегіне шығуға дайын болады. Жеткіншектік кезеңнің психологиялық ерекшелігі, атап айтқанда, өзін-өзі бағалау, құрбыларының ықпалына көну, психикалық ауру – депрессиялық синдром, маньякалды синдром және мән беру синдромының жетіспеушілігі есірткіні қолдануды ертеректен бастауға себеп болады. Есірткіге бас ұру проблемасын көпшілік әртүрлі суреттейді. Жасөспірім ерекше әсерленгіш, мінез-құлқын өзгертуге бейім, айналасындағылармен қарым-қатынасы қиындау және қалыптан тыс әсерленгіш. Өз құрбыларымен қатынасы бірқалыпты емес, ата-аналарымен арасында ұрыс-керіс, қызығушылығын сәл де болса кемітсе, бірден қарсы шығады. Қоршаған орта мен жақын араласатындардың әсері ерекше қатты, бұл кезде адамдар жақсыға да, жаманға да кінәратшыл келеді. Жас адамдардың өмір туралы тәжірибесі аз, ымырасыздығы мен алаңғасарлығы олардың

үлкендер алдындағы дағдарысының пердесін жабады. Есірткіні алғаш қабылдаудың түпкі себептерінің бірі – өз құрбылары арасында қалыптасқан қанағаттанғысыз жай топта құрметті орынға жайғасу мақсатында ол әртүрлі жолдарды іздестіреді және өз мәртебесін "шөптердің" көмегімен көтерудің жолын табады. Осы жастағылардың проблемасы ерекше: жалғыздық, айналасындағылардың, ата-аналардың, мұғалімдердің, өз құрбыларының жеткіншектерді түсінбеуі; жауапсыз еліктеу; өзінің бос уақытын дұрыстап өткізбеуі, өзіне сүйікті іс-әрекет таба алмау. Жеткіншектік кезеңде өз "табынушысын" жасап алу және бар ісінде соларға ұқсау тілегі басым болып келеді. Баланың жыныстық жетілуі барысында ата-ананың балаға дұрыс қарамауының нәтижесінде күрделі конфликтілі жағдайлар туындауы мүмкін[9]. Ата-анасының дұрыс емес қатынасының салдарынан бала жыныстық сфераны қате түсініп, жеткіншекте эмоционалды толқулар жүреді. Ал бұл эмоционалды толқу жағдайынан шығуға деген ұмтылыс мынадай жағдайларға әкелуі мүмкін: невроз, психикалық қозуды жою мақсатында психотропты заттарды қолдану, жыныстық девиациялар, өзіне қол салу. Оқушылардың көпшілігі есірткі туралы ақпаратты 10-12 жас кезінде алғанды дұрыс көреді. Балалардың қараусыз қалуы кәмелетке толмаған балалардың бұзақылығына жол береді, оларды нашақорлар ортасына түсіреді, жеткіншек онда аз уақыт ішінде есірткінің дәмін татады, көз алдында нашақор ауру адамға айналады. Нашақорлық дәрілерді немесе басқа да зиянды заттарды мөлшерден тыс қабылдау нәтижесінде туындайды[10].

Қорта айтқанда, қылмыстар мен зұлымдық атаулының туындауына әкеліп соқтыратын нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес бүгінгі таңда ерекше назар аудару арқылы, мейлінше ықпалды әрі тиімді шараларды үздіксіз жүргізіп отыруды қажет ететін баршамаздың басты міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мухина В.С. Механизмы развития личности и ее социального бытия // Феноменология развития и бытия личности: Избранные труды. – Москва-Воронеж: МПСИ: Модек,
2. Ильин Е.П. Эмоции и чувства. – СПб. 2010.
3. Кон И.С. В поисках себя: Личность и ее самосознание. – М.: Политизат,
4. Мудрик А.В. Социальная педагогика. – М.: Изд. центр «Академия»,
5. Личко А.Е. Наркотизм (употребление наркотиков) и подростковая наркомания. Психопатии и акцентуации характера подростков. – Л.,
6. Битенский В.С. Наркомания у подростков. – Киев: Здоровья, 1989.
7. Битенский В.С. Клинические и терапевтические аспекты наркомании в подростковом возрасте: автореф. дисс. докт. мед. наук. – М.,
8. Генайло С.П. Гашишно-опиатные полинаркомании в подростково-юношеском возрасте // Дисс. докт. мед. наук. – Томск, 1995.
9. Максимова Н.Ю. О склонности подростков к аддиктивному поведению // Псих. журнал. – 1996. – №3.
10. Алемаскин М.А. Психологическая характеристика личности подростков «Вопросы изучения детей с отклонениями в поведении».

УДК: 343.57

УГОЛОВНО-ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА НАРКОТИКОВ И ПСИХОТРОПНЫХ ВЕЩЕСТВ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY

Ганиева А.С.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск

Аннотация: В статье упоминается опасность от наркотиков нанесения вреда здоровья человека и нервным системам человеческого организма, а также опасность для общественной безопасности.

Ключевые слова: марихуана, кокаин, морфин, LSD, синтетические наркотики, половое разделение

УДК 347.9(075.8)

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМНЫЕ АСПЕКТЫ ПРАВОВОГО СТАТУСА ЧАСТНОГО НОТАРИУСА

Утешова А.С.

Западно - Казахстанский инновационно - технологический университет, г. Уральск

Аннотация. В данной статье рассматривается правовой статус частных нотариусов как профессиональных юристов, осуществляющих от имени и по поручению государства, ряда важных государственных функций превентивного и правоохранительного характера, действуя как частные лица, выполняющие социальную работу на условиях самофинансирования. Многоуровневая подконтрольность и высокая степень ответственности деятельности частного нотариуса не сопровождаются в законодательстве соответствующей степенью обеспеченности частного нотариуса правами, полномочиями и гарантиями. Автор статьи предлагает и обосновывает внесение необходимых, по его мнению, изменений в действующее законодательство, способствующих повышению правового статуса и общественного престижа частного нотариуса.

Ключевые слова: частный нотариус, правовой статус, конституционно-правовое предназначение нотариата, социальные и правовые гарантии, полномочия, обязанности нотариуса, правовые, профессиональные и этические требования к нотариусу, виды, меры правовой и профессиональной ответственности нотариуса.

Профессиональная деятельность частных нотариусов в первую очередь определяется исполняемыми ими государственными правообеспечительными, правоохранительными, правореализующими функциями. Оказываемая ими квалифицированная юридическая помощь обеспечивает защиту прав и интересов клиентов. Именно свидетельствование нотариусом документов придаёт им особую доказательную силу и означает признание их аутентичности. Выдача свидетельствований обеспечивает клиентам гарантированную защиту прав собственности. Удостоверение нотариусом определённых юридических фактов и обеспечение доказательств предоставляет клиентам официально признанные, документально оформленные подтверждения их прав при возникновении правового

спора и судебного разбирательства. Совершение нотариусом исполнительных надписей, протеста векселей и морских протестов придаёт им особую обязательственную силу для исполнительных органов государственной власти при взыскании по нарушенным правам и обязательствам.

Частный нотариус, реализуя свои правомочия, действует как должностное лицо в рамках публичного права. Все его правомочия реализуются строго регламентированными законодательством публично-правовыми действиями. В тоже время, его правосубъектность, права, обязанности и ограничения деятельности частного нотариуса позволяют с полным основанием утверждать дуализм его правового статуса.

Нотариус, занимающийся частной профессиональной лицензируемой юридической практикой, действует в рамках, закреплённых специальным законом правомочий, от имени государства и под государственным контролем, под свою ответственность, на условиях самофинансирования и с ограничениями, требованиями во многом аналогичным ограничениям и требованиям, налагаемым на деятельность государственного служащего. Он подотчётен и государственному уполномоченному органу, и органам управления общественного объединения, в котором его обязывают состоять. Частный нотариус регистрируется как лицо свободной профессии, по аналогии с самозанятым частным лицом [1.]

Такая неоднозначная дуалистичность и комплексность правового статуса частнопрактикующего нотариуса неизбежно приводит к противоречивости и ассиметричности в соотношении прав, обязанностей и ограничений, применяемых в отношении его деятельности, которая регулируется законодательством одновременно и как будто бы предпринимательская и в определённой степени как государственная служба. При этом, недопустимость предпринимательства прямо оговаривается в законодательстве как ограничение деятельности частного нотариуса, и у него нет никаких прав и льгот государственного служащего.

Можно привести другой показательный пример. Правами нотариуса является составление проектов сделок, документов, консультирования по вопросам совершения нотариальных действий, но в ограничениях содержится пункт, запрещающий ему оказывать посреднические услуги при заключении, изменении и расторжении договора. В обязанностях же нотариусов записана необходимость разъяснять гражданам и юридическим лицам права и обязанности, предупреждать о последствиях совершаемых нотариальных действий, с тем, чтобы их юридическая неосведомлённость не могла быть использована им во вред. Грань между этими действиями представляется нам крайне неопределённой и поэтому нотариус, осуществляя их, легко может по заявлению, жалобе или обращению подпасть под действие мер дисциплинарной, гражданско-правовой и даже уголовно-правовой ответственности. [2]

Степень подконтрольности и подотчётности частного нотариуса явно превосходит уровень контроля и отчётности государственного служащего, того же государственного нотариуса. Министерство юстиции и палата предпринимателей имеет и применяет по отношению к частному нотариусу, как показывает в своей работе, Е.А. Бурибаев самые разнообразные рычаги и способы воздействия, многочисленные и неопределённо сформулированные дискреционные полномочия. Это разнообразие и такого рода неопределённость при имеющейся жёсткой подконтрольности нотариальной палаты государственному уполномоченному органу прямо приводят к появлению

различных возможностей оказания коррупционного воздействия на частного нотариуса. [3]

Частнопрактикующий нотариус, будучи обязанным, обеспечивать безопасность находящихся у него документов и материалов, не обеспечен никакими гарантиями безопасности, действуя де-факто как должностное лицо, осуществляющее государственные публично-правовые функции. Являясь частным лицом, он не может быть работником, но может стать работодателем для своих помощников и наёмного персонала, выполняя все обязательства, возложенные на него законодательством как на работодателя. При этом, в его правах нет положений о предоставлении ему гарантий социальной поддержки и социального обеспечения. [4]

Представляется совершенно обосновательным запрещение частному нотариусу занимать выборную должность. Избрание его в местный исполнительный орган как местного жителя, профессионального юриста, хорошо знакомого с проблемами, нуждами и интересами населения могло бы, по нашему мнению, способствовать улучшению работы этих органов и повышению уровня профессиональной деятельности самого частного нотариуса. Обязанности депутатов маслихата не требуют постоянного их присутствия и не предполагает оплаты. При избрании частного нотариуса в Парламент Казахстана он мог бы приостанавливать действие своей лицензии.

У опытного нотариуса имеются все основания быть избранным и достойно представлять интересы своих избирателей. Вовлечение частных нотариусов как выборных лиц в деятельность представительных органов государственной власти, на наш взгляд, может всячески содействовать развитию казахстанского парламентаризма.

Приостановление лицензии на неопределённый срок с условием проведения подтверждающей аттестации необходимо закрепить как право нотариуса, а не только как меру его наказания. Приостановление действия лицензии по представлению нотариальной палаты нотариуса на срок до шести месяцев следует оставить только как меру дисциплинарного воздействия. По представлению прокурора данная мера может быть только обеспечительной, и при оправдании нотариуса немедленно им отзываться.

Лишение лицензии и прекращение лицензии должно быть разграничено по основаниям, чтобы не создавать неопределённости в этом важном аспекте правового статуса частного нотариуса. Бурибаев предлагает лишение лицензии сформулировать как меру ответственности частного нотариуса, а прекращение действия лицензии определять, как добровольную меру или как меру, вступающую в силу, без вины, по независящим от него обстоятельствам. [5]

«Прикреплённость» частного нотариуса к определённому нотариальному округу по решению нотариальной палаты, представляется вполне оправданной и её необходимо специально оговорить в ограничениях деятельности нотариуса. Определение нотариальной палатой территории деятельности частного нотариуса в пределах нотариального округа не оговорено по срокам, но в тоже время его помещение должно находиться в её пределах. Поэтому представляется необходимым определить в пункте 2 статьи 21 Закона Республики Казахстан «О нотариате» сроки принятия такого решения, с тем, чтобы нотариусу заранее мог бы определиться с выбором месторасположения своего помещения.

Учётная регистрация частного нотариуса напрямую увязана с наличием у него специально оборудованного помещения, которое должно соответствовать определённым требованиям. Но в законодательстве отдельно не оговаривается

исчерпывающий перечень этих требований, что создаёт неопределённость в отношении нотариуса, уже получившего лицензию, с контролирующими органами территориального управления Министерства юстиции Республики Казахстан и территориальной нотариальной палаты. Такой перечень можно было бы утвердить специальным подзаконным актом этого ведомства в виде типовых требований.

Права частного нотариуса должны, на наш взгляд, оговорены отдельно в части прав на социальное страхование и обеспечение, определение собственного графика работы, с возможностью взимания оплаты его услуг по увеличенному тарифу, права на приостановление лицензии по обращению нотариуса, права на особую правовую защиту. Но мы не можем согласиться с утверждением об отказе от исчерпывающего списка прав частного нотариуса. [6]

И права, и обязанности частного нотариуса должны быть строго оговорены, поскольку у него и так много неопределённостей в его правовом статусе. Особо следует оговорить обязанности по оказанию квалифицированной юридической помощи надлежащего качества, по стандартам, определённым совместно органами юстиции и нотариального самоуправления. Значимость этой обязанности может быть усилена принесением частным нотариусом присяги после его учётной регистрации и получения разрешения на занятие нотариальной деятельностью в пределах отведённой ему территории. Присяга могла бы произноситься в присутствии уполномоченных представителей государственных органов и органов нотариального самоуправления.

Правовой статус частного нотариуса требует урегулирования таким образом, чтобы профессиональная деятельность таких востребованных обществом специалистов могла осуществляться максимально успешно. Высокий уровень подконтрольности частнопрактикующего нотариуса должен сопровождаться не меньшей защищённостью, обеспеченностью условиями необходимыми для его плодотворной профессиональной деятельности.

Дуалистичность, комплексность правового статуса частного нотариуса может быть должным образом отражена в законодательстве при соединении усилий компетентных специалистов-правоведов, экспертов, опытных и авторитетных представителей нотариального сообщества. Ключом к решению этой остро актуальной институционально-правовой проблемы развития правовой системы Казахстана может, по нашему мнению, стать утверждение особого понимания статуса, социального положения частного нотариуса. Он должен восприниматься как находящийся в активном взаимодействии с государством представитель гражданского общества, который посредством честного, добросовестного выполнения своего профессионального долга обеспечивает предоставление услуг квалифицированной юридической помощи, защите прав, свобод, интересов физических и юридических лиц с учётом интересов общества и государства. Такое понимание прямо отвечает и соответствует направленности государственной правовой политики по обеспечению в Казахстане верховенства закона как неперемennого условия формирования в нашей стране правового государства [7].

Список литературы:

1. Нотариальная деятельность в Республике Казахстан: Сборник нормативно-правовых актов. Алматы: Юрист, 2019. С.11 – 13; Идрышева С.К. Нотариат Республики Казахстан. Алматы: Жеты жаргы, 2013. С. 56 – 60.
2. Нотариальная деятельность ... С. 12, 13.

3. Бурибаев Е. А. Нотариат и нотариальная деятельность в Республике Казахстан. Алматы: Жеты жаргы, С. 173
4. Там же. С. 184 – 185.
5. Там же. С. 174.
6. Там же. С. 175.
7. Акбаев А. Некоторые вопросы национального права в свете Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 по 2020 годы, Фемида № 3(219) 2014. С.31.

ӘОЖ 347.9(075.8)

ЖЕКЕ НОТАРИУСТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІНДЕГІ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Утешова А.С.

Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы.

Аннотация: Мақалада мемлекет атына және мемлекеттік тапсырманы орындаушы, мемлекеттік алдын-алу және құқықтық сипаты жағынан алдыңғы қатардағы өзін-өзі қаржыландыру шартына сәйкес әлеуметтік қызметті орындаушы жеке тұлға ретінде әрекет жасай отырып, кәсіби жеке нотариустың кәсіби заңгер ретіндегі құқықтық мәртебесі қарастырылады. Көп деңгейлі есеп беру және жеке нотариустың жоғары дәрежелі жауапкершілік қызметі және нотариустың заңдылыққа сәйкес дәрежесімен сүйемелденбеген, өкілеттілік және кепілдік. Мақала авторы қазіргі күші бар заңдылыққа өзгеріс енгізе отырып, жеке нотариустың мәртебесінің көтеруді және қоғамдағы беделін арттыруды ұсынады және негіздейді.

Негізгі сөздер: жеке нотариус, құқықтық мәртебе, нотариаттың конституциялық – құқықтық тағайындалу, әлеуметтік және құқықтық кепілдіктер, құқықтық өкілеттік, нотариустың міндеттері, нотариусқа қойылатын құқықтық, кәсіби және этикалық талап, түрлері, нотариусқа қойылатын құқықтық және кәсіби жауапкершілік мөлшері.

СОДЕРЖАНИЕ

Экономические науки

1.	Еркін Д., Махмудов А.Д. Содержание инновационного образования и его характеристики	3
2.	Еслямова Д., Есеналиев Б.С. Экономическое содержание и структура инвестиционного потенциала региона	6
3.	Жұмағалиева П.С. Кәсіпорынның инновациялық дамуын басқару жүйесін жетілдіру	11
4.	Ипполитов Д.В., Курманова Г.К. Теоретические и методические основы банковского кредитования	14
5.	Кенжигалиева Г.А., Габдуалиева Р.С. Тұрғын үй-құрылыс секторы-Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды басымдылық	19
6.	Куклич И. В, Мансурова М. А. Мотивация как фактор повышения эффективности труда персонала	25
7.	Қайреденова Н.Ә., Жумаев Ж.Ж. Шағын және орта бизнесті дамыту	30
8.	Магаз А.Б. Уразғалиева М.А., Салимбаева Ш.Д. Теоретический аспект бюджетной политики	34
9.	Нурманова А.К. Ауыл шаруашылығын сақтандыру нарығының қазіргі жағдайы	38
10.	Сабитов Ж.Ж., Габдуалиева Р.С. Бәсекеге қабілеттілік және кәсіпорын стратегиясы	44
11.	Сулейменова Н.Г., Махмудов А.Д. Состояние и перспективы приграничного сотрудничества Казахстана и России	48
12.	Султанов Н.Г., Төлебаева Б.Т., Тлесова Ж.А. Аймақтық экономикалық қауіпсіздікті нығайту жолдары	53
13.	Төлебаева Б.Т., Жарылгасова Б.Т., Тулебаев Б., Хеммон Р. Ұлттық валютаның экономиканың дамуындағы рөлі	58
14.	Төлекбаева Д.С., Төлебаева Б.Т. Персоналды басқарудағы өзекті мәселелері және оларды уәждеу көмегімен шешу жолдары	62

Филологические науки

1.	Ажғалиев М.К., Болатбекова А.Б. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі рухани паремия құбылысы	66
2.	Ажғалиев М.К., Шанаева Д.Т. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрмыс тіл мәдениеті	69
3.	Джанбаева А.Қ. Ағылшын тілін оқыту үрдісінде болашақ мұғалімдерді даярлаудың мазмұндық ерекшеліктері	72
4.	Идрискалиева С.К., Қойлыбайева Б.Ж. Игровые технологии в обучении иностранным языкам	76

- | | | |
|----|--|----|
| 5. | Кузнецова А.Н. Анализ научной литературы по проблеме исследования педагогических приемов в диалоговом обучении | 81 |
| 6. | Мырзахметова Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі стилистикалық реңк қызметі | 89 |
| 7. | Утебаева А.Х., Макашева Ф.Н., Қойлыбайева Б.Ж. Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі | 94 |

Педагогические науки

- | | | |
|----|--|-----|
| 1. | Джармухамбетова Г.З., Жумасейтова А.Е. Студенттердің әлеуметтік құзыреттілігін топтық оқыту жұмыстары арқылы дамыту | 99 |
| 2. | Джонисова Г.Қ., Жұмабекова К.А. Мектепке дейінгі ұйымда ата-аналармен қарым-қатынас орнатудың педагогикалық негіздері | 105 |
| 3. | Донскова С.Н. Формирование профессиональной идентичности педагога | 109 |
| 4. | Жаскайратов А. Ж. Дене шынықтырумен айналысудың ағза жүйелеріне әсері | 113 |
| 5. | Кинжекова Р.С. Жаңа тұрпатты педагог кадрлардың тұлғалық қасиеттерін жаңа технологиялар арқылы қалыптастырудың ұстанымдары | 118 |
| 6. | Султанғалиева А.И., Калкенова Г.Б. Білім берудегі инновациялық педагогикалық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану мәселесі | 124 |
| 7. | Умбетова Г.М., Оқас М.Т. Оқушылардың зияткерлік дарындылығын қалыптастыру-заман талабы | 129 |
| 8. | Шонбаева С.Т., Халикова Б.Т. Значение развития эмоционального интеллекта для человека в современном обществе | 134 |

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

- | | | |
|----|--|-----|
| 1. | Габиденова Г.Г. Влияния различных препаратов на некоторые клинические показатели овец при вольфартиозе | 138 |
| 2. | Досбатырова С.К. Эффективность подкормок озимой пшеницы микроудобрениями в условиях сухостепной зоны приуралья | 143 |
| 3. | Кенесарина К.Х. Проблемы изучения и сохранения биоразнообразия города Уралья | 148 |
| 4. | Куспанов М.Е., Габиденова Г.Г. Показатели естественной резистентности организма ягнят акжайкской мясо-шерстной породы при применении пробиотика ветом 1.1 и эхинацей пурпурной | 151 |
| 5. | Разакова А.М. Разработка технологии приготовления теста с добавлением тыквы | 156 |
| 6. | Төлеуова Р.Н. Өнеркәсіп кәсіпорындары су тарту жүйелеріндегі ағынды суларды тазартуға арналған көп құрамды сорбциялық сүзгі | 160 |

ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ

- | | | |
|----|---|-----|
| 1. | Ганиева А.С. Нашақорлық, жүйкеге әсер ететін заттардың қылмыстық құқықтық сипаттамасы | 164 |
| 2. | Утешова А.С. Некоторые проблемные аспекты правового статуса частного нотариуса | 169 |

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY

Ғылыми журнал



**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ИННОВАЦИОННО-
ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

Научный журнал



**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN
INNOVATIVE TECHNOLOGICAL UNIVERSITY**

Scientific journal

Подписано в печать 03.12.2019 г.

Формат 60x84/16. Усл. печ. л. 10,7.

Тираж 100 экз. Заказ № 29.

Отпечатано и сверстано в ИП «Есмагулова Ж.Е.»

Тел.: +7 7112 51 09 31, e-mail: info_tipografiya@mail.ru

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
090006, Орал қаласы, проспект Н.Назарбаева, 194

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,
090006, г.Уральск, Н.Назарбаев даңғылы, 194